

Арыстанов А.К., Жолдасбекова А.Н., Оспанова Ә.Н.

ДАМУҒА РЕСМИ КӨМЕК: ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ ҚҰРАЛЫ

Оқу құралы



ДАРЫН

Баспасы

Алматы

2025

ӘОЖ
ҚБЖ
И

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
шешімімен баспаға ұсынылған.
(2025 жылғы 23 маусымдағы №13 хаттама)*

Пікір жазғандар:

Бейсеева Г.Х. – филология ғылымдарының кандидаты,
дипломатиялық қызметтің еңбек сіңірген қызметкері
Жанбулатова Р.С. – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық
қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Арыстанов А.К., Жолдасбекова А.Н., Оспанова Ә.Н.

Дамуға ресми көмек: Дамыған елдердің құралы: оқу
құралы / А.К. Арыстанов, А.Н. Жолдасбекова, Ә.Н.Оспанова. -
Алматы: Дарын, 2025. - 119 б.

ISBN

"Дамуға ресми көмек: дамыған елдердің құралы" оқу құралы дамуға
ресми көмек (ДРК) жүйесінің мәні мен маңыздылығын тұрақты даму
құралы ретінде қарастырады және студенттерге, оқытушыларға, сондай-ақ
халықаралық қатынастар мен мемлекеттік саясат саласында жұмыс
істейтін мамандарға арналған.

Мұнда ДРК-ның мақсаттары, қағидаттары және эволюциясы қысқаша
баяндалады — отарлық көмектен бастап, БҰҰ, ЭЫДҰ және халықаралық
институттар аясындағы заманауи өзара іс-қимыл түрлеріне дейін.
Ерекше назар ДРК-ның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі және
XXI ғасырдың жаһандық сын-тегеуріндеріне жауап берудегі рөліне
аударылған.

Жеке бөлім Қазақстанның тәжірибесіне және халықаралық көмек
жүйесіндегі жаңа донор ретінде KazAID агенттігінің қызметіне арналған.
Бұл оқу құралы теория мен тәжірибені ұштастырып, оқырманға
халықаралық дамудың қазіргі заманғы тетіктерін тұтас түсінуге мүмкіндік
береді.

ӘОЖ
ҚБЖ

ISBN

© Арыстанов А.К., Жолдасбекова А.Н., Оспанова Ә.Н., 2025
© «Дарын баспасы», 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
I ТАРАУ: ДРК ұғымы және оның негізгі мақсаттары	
1.1 ДРК-нің тарихи контексті мен дамуы	
1.2 ДРК-нің дамушы елдердегі рөлі	
II ТАРАУ: Дамуға ресми көмегінің қалыптасуы мен даму кезеңдері	
2.1. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезең: отарлық көмек және Ұлттар Лигасы	
2.2. Соғыстан кейінгі кезең: Бреттон-Вуд конференциясы және Маршалл жоспары	
2.3. Қырғи қабақ соғыс кезеңі: Екі блоктың бәсекелестігі	
III ТАРАУ: ДРК жүйесіндегі дағдарыстар мен реформалар (1980–2000 жж)	
3.1. Неолибералдық реформалар және құрылымдық қайта құру	
3.2. ҰЕҰ рөлінің күшеюі	
3.3. Жаңа донорлардың рөлінің артуы (Түркия – ТІКА, Бразилия – ABC және Оңтүстік Корея – KOICA)	
IV ТАРАУ: ХХІ ғасырдағы Дамуға ресми көмегінің жаңа бағдарлары мен сын-қатерлері	
4.1. Миллениум даму мақсаттары мен ТДМ	
4.2. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту аясындағы экологиялық және әлеуметтік міндеттер	
4.3. Пусан форумы және көмектің тиімділігі жөніндегі Париж декларациясы	
V ТАРАУ: Жаңа донор ретіндегі Қазақстан	
5.1. Қазақстанның ДРК жүйесі	
5.2. "KazAID" Қазақстанның халықаралық даму агенттігі: мақсаттары мен міндеттері	
5.3. Орталық Азия елдеріне бағытталған ДРК шолуы	
5.4. Орталық Азиядағы донор ел ретіндегі Қазақстанның рөлі	
VI ТАРАУ: Ресми даму көмегінің болашағы: сын-қатерлер мен перспективалар	
6.1. Геосаяси өзгерістердің даму көмегіне ықпалы	
6.2. Дәстүрлі (АҚШ, Жапония) және жаңа донорлардың (Қытай және жаһандық Оңтүстік елдері) ДРК тәсілдерінің ерекшеліктері	
6.3. Оңтүстік–Оңтүстік бағытындағы ынтымақтастық	
ҚОРЫТЫНДЫ	
ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР	

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ	
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	

АЛҒЫ СӨЗ

«Ресми даму көмегі жүйесі» атты оқу құралы халықаралық қатынастар және мемлекеттік саясат саласында жұмыс істейтін мамандарға, студенттерге, магистранттар мен оқытушыларға арналған. Бұл құралдың мақсаты – дамуға ресми көмегі (ДРК) ұғымы, оның тетіктері мен қазіргі үрдістері туралы, сондай-ақ Қазақстанның осы саладағы қатысуы туралы кешенді түсінік беру.

Оқу құралының мақсаттары:

- ДРК-нің негізгі терминдері, қағидаттары мен мақсаттарын түсіндіру;
- Халықаралық көмек жүйесінің тарихи дамуымен таныстыру;
- ДРК-гі заманауи сын-қатерлер мен жаңа тәсілдерді талдау;
- Қазақстанның халықаралық ДРК жүйесіндегі жаңа донор ретінде тәжірибесін қарастыру;
- Жаһандық өзгерістер жағдайында дамуға ресми көмегінің болашағын бағалау.

Оқу құралының міндеттері:

- ДРК-нің мазмұны мен тетіктерін ашып көрсету;
- Жаһандық өзгерістердің халықаралық көмек жүйесіне ықпалын зерттеу;
- Қазақстанның ДРК процестеріндегі рөлін анықтау;
- Үшжақты және Оңтүстік–Оңтүстік ынтымақтастығының даму келешегін саралау.

Құрылымы:

Оқу құралында ДРК тарихы, қағидаттары мен болашағы кешенді түрде талданып, бұл жүйедегі Қазақстанның орны мен рөлі көрсетілген. I тарауда ДРК ұғымының анықтамасы, оның эволюциясы және дамушы елдер үшін маңызы баяндалады. II тарау халықаралық көмектің қалыптасу кезеңдерін – отарлық көмек пен Ұлттар Лигасынан бастап, қазіргі көпжақты бастамаларға дейін қарастырады. III тарау 1980–2000 жылдардағы ДРК жүйесінің дағдарыстары мен реформаларына, неолибералды реформаларға, жаңа донорлардың рөліне назар

аударады. IV тарауда ХХІ ғасырдың жаңа сын-қатерлері мен тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) іске асырылуы қарастырылады. V тарау Қазақстанның жаңа донор ретіндегі тәжірибесіне, KazAID агенттігінің рөліне және Орталық Азия елдерімен ынтымақтастыққа арналған. VI тарауда геосаяси өзгерістер, цифрлық трансформация және жекеменшік капиталдың маңызы артқан қазіргі жағдайда ДРК болашағы сипатталады.

Күтілетін нәтиже:

Оқу құралын оқығаннан кейін оқырмандар халықаралық көмектің тетіктерін терең түсініп, ДРК стратегиясы мен саясатын талдап, Қазақстанның жаһандық даму жүйесіне қатысу мүмкіндіктерін бағалай алатын болады.

КІРІСПЕ

Қазіргі әлемде дамуға ресми көмегі (ДРК) – кедейлікті азайту, орнықты экономикалық өсу мен халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жаһандық мақсаттарға қол жеткізудің негізгі құралы. Бұл халықаралық саясат тетігі алғашқыда отарлық көмектен басталып, бүгінде БҰҰ қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) бағытталған көпжақты күрделі жүйеге айналды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) деректеріне сәйкес, ДРК – дамушы елдердің экономикалық дамуы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік көмек. 2022 жылы ДРК көлемі 2021 жылдың тұрақты бағасымен 287 млрд АҚШ долларына жетіп, рекордтық деңгейге шықты. Дегенмен, бұл көрсеткіш БҰҰ-нің ТДМ 17-мақсаты аясында белгіленген мақсаттан әлі де алшақ.

Климаттың өзгеруі, әлеуметтік теңсіздіктің артуы, көші-қон дағдарысы және пандемиялар қаупі сияқты жаһандық сын-қатерлер халықаралық көмек тетіктерін қайта қарауды талап етеді. Қазіргі таңда ДРК – тек экономикалық көмек емес, жаһандық басқару мен халықаралық үйлестірудің маңызды тетігіне айналды. Елдер мен халықаралық ұйымдар жаңа тәсілдерді, икемі бар жауап беру механизмдері, инновациялық қаржыландыру және жеке сектормен серіктестікті дамыту жолдарын іздеуде.

Халықаралық деңгейде ДРК-ны үйлестіруде БҰҰ-нің рөлі ерекше. БҰҰ – жаһандық мәселелерді талқылап, шешімдер қабылдайтын негізгі алаң ретінде, халықаралық көмектің тетіктерін қалыптастыруға зор ықпал етуде. БҰҰ шеңберінде БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ), БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ), Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы (ДАБ) сияқты агенттіктер жұмыс істейді. Олар экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан осал елдерге нақты жобалар арқылы көмек көрсетуде.

2015 жылы БҰҰ қабылдаған 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібі аясындағы ТДМ – кедейлік пен аштықты жоюдан бастап, сапалы білім, гендерлік теңдік, қоршаған ортаны қорғау және орнықты экономика құруға дейінгі кең ауқымды

мәселелерді қамтиды. Осы контексте ДРК – осы мақсаттарға қол жеткізудің негізгі тетігі ретінде қарастырылады.

Орталық Азияда халықаралық бастамаларды үйлестіру қажеттілігі артып отырған тұста Қазақстан БҰҰ-нің сенімді серіктесіне айналуға. Бұл бағыттағы маңызды бастама – Алматыда БҰҰ Өңірлік хабының ашылуы. Бұл хаб аймақтағы халықаралық ұйымдар мен үкіметтердің күш-жігерін үйлестіретін орталыққа айналады деп күтілуде. Бұл бастама 2019 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынылған болатын. Бастама халықаралық қолдауға ие болды.

Қазақстан – жас әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекет ретінде – көмек алушыдан көмек берушіге айналып келеді. Осыған орай, KazAID халықаралық даму агенттігі құрылды. Оның негізгі міндеті – Орталық Азиядағы орнықты дамуға бағытталған ДРК бағдарламаларын үйлестіру. Қазақстан көпжақты бастамаларға белсенді қатысып, инфрақұрылымды дамыту, денсаулық сақтау мен білім жүйесін жетілдіру, экологиялық қауіпсіздікті нығайту сияқты салаларда нақты жобаларды жүзеге асыруда.

2023 жылы өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Президент Тоқаев халықаралық ынтымақтастық пен KazAID рөлінің маңызын ерекше атап өтті: «Қазақстан жаһандық бастамаларға қатысып қана қоймай, өзінің аймақтық даму мен халықаралық ықпалдастыққа бағытталған сыртқы көмек стратегиясын қалыптастыруы тиіс». Бұл мәлімдеме KazAID агенттігінің елдің сыртқы саяси басымдықтарын іске асырудағы стратегиялық рөлін айқындайды.

Қазақстанның ұлттық ДРК жүйесінің тиімді құрылуы елдің халықаралық беделін арттырумен қатар, бүкіл Орталық Азия аймағының орнықты дамуына қолайлы жағдай жасайды. Қазақстан жүзеге асырып жатқан көмектік бағдарламалар халықаралық даму саласындағы жаһандық үрдістермен үйлесіп, көршілес елдердің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын нығайтуға үлес қосуда. Бүгінгі таңда ДРК – жай ғана қаржылай қолдау емес, әділетті, орнықты әрі гүлденген болашақты құруға ықпал ететін кешенді механизм.

I ТАРАУ: РЕСМИ ДАМУ КӨМЕГІ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

1.1. ДРК-ның тарихи контексті мен дамуы

Мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы – халықтың әл-ауқатына әсер ететін басты факторлардың бірі. Ғаламдану үдерісі мен тұрақты даму күн тәртібін ескере отырып, ортақ даму бұрынғыдан да өзекті бола түсуде.

Осы мақсатқа қол жеткізудің бір жолы – Дамуға ресми көмегі (ДРК). Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) анықтамасына сәйкес:

«Дамуға ресми көмек (ДРК) – бұл дамушы елдердің экономикалық дамуы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік көмек».¹

1969 жылдан бастап ДРК даму саласындағы көмекті қаржыландырудың негізгі құралына айналды, сол жылы ЭЫДҰ-ның Дамуға көмек көрсету комитеті (ДКК) оны «алтын стандарт» ретінде қабылдады.²

Алайда, ДРК-ның тарихы бұдан ертерек басталады. Оның бастамасы колониализм дәуірінде, метрополиялардың өз отарларына көмек көрсетуінен, сондай-ақ Ұлттар Лигасының құрылуынан байқалады. Сонымен қатар, Екінші дүниежүзілік соғыстың салдарын қалпына келтіру кезеңінде – Маршалл жоспарын іске асыру, Бреттон-Вуд конференциясының институттарын құру және суық соғыс кезеңінде – АҚШ пен Жапонияның алғашқы даму агенттіктерін құру аясында ДРК қалыптасты.

1980–2000 жылдары аралығында ДРК неолибералдық реформалар, құрылымдық қайта құрулар, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) рөлінің артуы сынды бірқатар дағдарыстар мен өзгерістерді бастан өткерді. Бұл кезеңде дамушы елдердің экономикасы нығая бастағандықтан, Түркия,

¹ ОЭСР - Official development assistance (ODA). URL: <https://www.oecd.org/en/topics/policy-issues/official-development-assistance-oda.html>

² ОЭСР - Official development assistance (ODA). URL: <https://www.oecd.org/en/topics/policy-issues/official-development-assistance-oda.html>

Бразилия сияқты «жаһандық Оңтүстік» елдерінің де рөлі арта түсті.

Дегенмен, ДРК жүйесі үнемі дамып келе жатыр, алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер қойылуда. ХХІ ғасырда басты жаһандық мақсаттардың бірі – БҰҰ-нің Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу. Экологиялық және әлеуметтік факторлар да даму агенттіктерінің қызметіне жаңа сын-қатерлер тудырып отыр. Осыған байланысты ДРК тарихында маңызды рөл атқарған халықаралық іс-шаралар өткізілді, атап айтқанда: 2005 жылғы Париждегі Дүниежүзілік форум мен 2011 жылғы Пусан форумында қабылданған Көмек тиімділігі жөніндегі Париж декларациясы, бүгінгі күні де негізгі құжаттардың бірі болып саналады.

Мемлекеттер дамыған сайын, кейбір серіктес елдер донор елдер қатарына өтті.

Орташа табыстан жоғары елге айналған Қазақстан да енді донор ретінде жаңа рөлге ие. Осы мақсатта бірқатар заңнамалық құжаттар қабылданып, Қазақстанның халықаралық даму агенттігі – KazAID құрылды.

Бүгінде ұлттық ДРК бағыттарының бірі – серіктес елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен цифрлық шешімдерге қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесу.



Суретте: Фритаун қ., Сьерра-Леоне Республикасы, "Innovation Sierra Leone 2024" саммитінде дамуға ресми көмек көрсету (ДРК) шеңберінде Қазақстан Республикасынан Сьерра-Леоне Республикасына "eGov" электрондық үкімет жүйесін ресми беру.

Қазақстан COVID-19 індеті мен климаттың өзгеруі сияқты жаһандық сын-қатерлерді еңсеруге үлес қосып, басқа елдерге көмек көрсетуде.

Болашақтағы ДРК жайлы айтқанда, геосаяси өзгерістердің даму көмегіне әсері, дәстүрлі донорлардың (АҚШ, Жапония, ЕО) тәсілдері, жаһандық Оңтүстіктен жаңа донорлардың пайда болуы, сондай-ақ Оңтүстік-Оңтүстік және үшжақты ынтымақтастық аясындағы мүмкіндіктер мен сын-қатерлер ерекше маңызға ие.

Жоғарыда атап кеткендей, ДРК – бұл дамыған елдердің дамушы серіктес елдерге экономикалық және әлеуметтік даму мақсатында көрсететін көмек.

ДРК аясында келесі жарамдылық критерийлері қолданылады:

(i) елдің жарамдылығы, (ii) жеңілдік сипаты және (iii) негізгі мақсат ретінде дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатына жәрдемдесу. Донор елдердің өзара сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында ЭЫДҰ-ның ДКК есептілік ережелерін тұрақты түрде жетілдіруде.³

Қазір ЭЫДҰ-ға мүше елдерге жалпы ұлттық табыстың (ЖҰТ) кемінде 0,7% мөлшерінде көмек көрсету ұсынылады. Бұл көрсеткіш алғаш рет 1970 жылы қабылданды және сол уақыттан бері бірқатар халықаралық саммиттерде қайта бекітілді. Мысалы, 2005 жылы бұл көрсеткіш Еуроодақ, «Үлкен сегіздік» және БҰҰ-ның Дүниежүзілік саммиті аясында саяси міндеттеме ретінде қабылданды.⁴

2006 жылы жан басына шаққандағы ЖҰТ орташа деңгейден жоғары көрсеткішке жеткеннен кейін Қазақстан донор ел мәртебесіне өтті. Осыған байланысты 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 263-V – «Дамуға ресми көмегі» туралы ҚР Заңы қабылданды. Бұл заң ДРК-ның негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін, салалық басымдықтарын, тараптардың құзыреттерін және өзге де ережелерді айқындайды.

³ OECD - ODA eligibility and conditions. URL: <https://www.oecd.org/en/topics/sub-issues/oda-eligibility-and-conditions.html>

⁴ OECD - The 0.7% ODA/GNI target - a history. URL: <https://web-archive.oecd.org/temp/2024-06-17/63452-the07odagnitarget-ahistory.htm>

Аталған заңның 1-бабына сәйкес:

«Дамуға ресми көмегі – Қазақстан Республикасы тарапынан серіктес елге оның әлеуметтік-экономикалық дамуына және азаматтарының әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу мақсатында өтеусіз немесе жеңілдікпен көрсетілетін көмек»⁵. Бұл анықтама БҰҰ мен ЭЫДҰ-ның ұғымдарына сәйкес келеді.

Заңның 3-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының ДРК-гі келесі мақсаттарға бағытталған: елдің өңірлік және халықаралық байланыстар жүйесіне кірігуіне жәрдемдесу, ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау, жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке қолдау көрсету, серіктес елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу, қоршаған ортаны қорғау және климатты сақтау арқылы тұрақты дамуға көшуіне көмек көрсету.

Қазақстан ДРК аясында өз мүддесіне сай халықаралық мақсаттарды ілгерілетуді, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, серіктес елдермен саяси, экономикалық, мәдени және ғылыми байланыстарды дамытуды, сондай-ақ аймақтық ынтымақтастық пен кедейлікті азайтуды көздейді. Сонымен қатар, халықаралық шарттар мен Қазақстанның өзге де міндеттемелерін орындауға бағытталған іс-шараларды іске асыру көзделуде.⁶

2015 жылдан бастап ДРК мен ТДМ БҰҰ-нің негізгі құжаты – «2030 жылға дейінгі тұрақты даму күн тәртібі» арқылы өзара байланыста қарастырылды⁷. Бұл құжат БҰҰ-нің бұрынғы Мыңжылдық декларациясының орнына келді⁸.

БҰҰ-нің Мыңжылдық декларациясы 2000 жылғы 8 қыркүйекте Бас Ассамблея отырысында қабылданды. Құжатта 8 сала бойынша мақсаттар айқындалды: кедейлік пен аштықты жою, гендерлік теңдік, бала өлімін азайту, аналар денсаулығы,

⁵ Закон Республики Казахстан «Об официальной помощи развитию». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000263>

⁶ Закон Республики Казахстан «Об официальной помощи развитию». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000263>

⁷ UN - TRANSFORMING OUR WORLD: THE 2030 AGENDA FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT. URL: <https://sustainabledevelopment.un.org/content/documents/21252030%20Agenda%20for%20Sustainable%20Development%20web.pdf>

⁸ ООН - Декларация тысячелетия Организации Объединенных Наций. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/summitdecl.shtml

аурулармен күрес, қоршаған орта, сондай-ақ даму мәселелері бойынша жаһандық әріптестік. Бұл мақсаттарға 2015 жылға дейін жету жоспарланған болатын⁹. 13 жыл ішінде елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Мысалы, аса кедейлік деңгейінде өмір сүріп жатқан адамдар саны екі есеге қысқарды, ал 2 миллиардтан астам адам таза ауызсуға қол жеткізді.¹⁰

Алайда, Мыңжылдық даму мақсаттары (МДМ) сынға да ұшырады. Сынның басты себептері – мақсаттарға қол жеткізудегі аймақтық және тақырыптық теңсіздік. Бұл жағдай, көбінесе, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын тәсілге (piecemeal approach) сүйенгенімен түсіндіріледі. Осы тәсіл аясында мемлекеттер кейбір мақсаттарды орындауға ұмтылғанымен, барлығына бірдей көңіл бөлінбеді. Сонымен қатар, аталған мақсаттар тікелей қатысты «жаһандық Оңтүстік» елдері МДМ әзірлеу үдерісіне өте шектеулі деңгейде қатысқан. Бұл жайт, кейбір елдер тарапынан бұл мақсаттардың дамыған мемлекеттер тарапынан дамушы елдерге мәжбүрлегендей қабылдануына себеп болды.¹¹

Өлі де сақталған жаһандық және ішкі сын-қатерлерді ескере отырып, 2015 жылы 193 мемлекет, азаматтық қоғам, ғылым және жеке сектор өкілдері қатысқан кең көлемді келіссөздердің нәтижесінде «2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» қабылданды.

Бұл күн тәртібі 17 Тұрақты даму мақсатын (ТДМ) қамтиды: 1) кедейлікті жою, 2) аштықты жою, 3) денсаулық сақтау және әлауқат, 4) сапалы білім, 5) гендерлік теңдік, 6) таза су және санитария, 7) қолжетімді және таза энергия, 8) лайықты еңбек және экономикалық өсім, 9) индустрия, инновация және инфрақұрылым, 10) теңсіздікті азайту, 11) тұрақты қалалар мен елді мекендер, 12) тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілері, 13) климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл, 14) мұхиттық экожүйелерді

⁹ Woodbridge, M. - From MDGs to SDGs: What are the Sustainable Development Goals? URL: <https://www.local2030.org/library/251/From-MDGs-to-SDGs-What-are-the-Sustainable-Development-Goals.pdf>

¹⁰ ООН - Цели развития тысячелетия все еще достижимы при условии активизации усилий. URL: <https://clck.ru/3KXq7H>

¹¹ Woodbridge, M. - From MDGs to SDGs: What are the Sustainable Development Goals? URL: <https://www.local2030.org/library/251/From-MDGs-to-SDGs-What-are-the-Sustainable-Development-Goals.pdf>

сақтау, 15) жер эжожүйелерін сақтау, 16) бейбітшілік, әділет және тиімді институттар, 17) тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік.

Аталған мақсаттар бүгінде бар сын-қатерлер мен мәселелердің бар екенін көрсетеді, және оларды еңсеру осы мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жаһандық тұрақты дамуға ықпал етуі тиіс.

Сондай-ақ, негізгі міндеттемелердің бірі – «ешкімді артта қалдырмау» қағидаты екенін атап өткен жөн. Бұл қағида Тұрақты Даму Мақсаттарының тиімді жүзеге асуына ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар, ол БҰҰ құжатының негізінде жатқан теңдік қағидатын айқын көрсетеді. Яғни, ТДМ іске асыру барысында қоғамның барлық топтары мен мемлекеттік құрылымдары қатыстырылуы керек.¹²

Мыңжылдық даму мақсаттарына (МДМ) қарағанда, Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) әлемнің барлық елдеріне – «дамушы» және «дамыған» деген бөлініссіз – бірдей қолданылады.¹³

1.2. ДРК-ның дамушы елдердегі рөлі

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мәліметінше, ДРК төмен және орта табысты елдерге әлеуметтік және экономикалық даму салаларында, атап айтқанда білім беру, денсаулық сақтау, санитария және инфрақұрылым бағыттарында көрсетілетін қаржылық қолдау көрсетеді.¹⁴

Арнайы назар аударуды қажет ететін салаларды анықтау барысында ЭЫДҰ-ның Кредиттік есеп жүйесін (CRS) ескеру қажет. Бұл жүйе – әрбір жоба деңгейіндегі бөлінген деректер платформасы ретінде қолданылып, ДРК іс-шараларындағы нақты

¹² УВКПЧ - Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года. URL: <https://www.ohchr.org/ru/sdgs/about-2030-agenda-sustainable-development>

¹³ Woodbridge, M. - From MDGs to SDGs: What are the Sustainable Development Goals? URL: <https://www.local2030.org/library/251/From-MDGs-to-SDGs-What-are-the-Sustainable-Development-Goals.pdf>

¹⁴ OECD - Official development assistance (ODA). URL: <https://www.oecd.org/en/topics/policy-issues/official-development-assistance-oda.html>

саяси мақсаттардың орындалуын бақылау үшін 11 көрсеткішті қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштер:

- Гендерлік теңдік
- Тамақтану
- Мүгедектердің құқықтары мен мүмкіндіктерін интеграциялау және кеңейту
- Климаттың өзгеруіне бейімделу мақсатындағы көмек (Климаттық негіздемелік конвенция аясында)
- Климаттың өзгеруінің салдарын жұмсарту мақсатындағы көмек
- Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған көмек
- Демократиялық және инклюзивті басқару
- Репродуктивті денсаулықты, аналар, жаңа туған нәрестелер мен балалардың денсаулығын қорғау (RMNCH)
- Сендай апат тәуекелдерін азайту шеңбері аясындағы көмек
- Биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатындағы көмек
- Шөлейттенуге қарсы күрес мақсатындағы көмек

Аталған көрсеткіштердің мониторингі олардың ДРК шеңберіндегі маңыздығын айқын көрсетеді.¹⁵ Бұл көрсеткіштердің ДРК жобаларына интеграциялануы серіктес елдердің тұрақты дамуына және көпжақты келісімдер аясында қол жеткізілген міндеттемелерді орындауға маңызды үлес қосады.

Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге жәрдемдесу көмек алушы елдерге ғана емес, жаһандық өзара байланыстылықты ескере отырып, бүкіл әлемге де оң әсерін тигізе алады.

Жоғарыда айтылғандай, ДРК– дамушы серіктес елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін маңызды құрал. БҰҰ-нің 2030 жылға дейінгі күн тәртібіне қол жеткізу арқылы бұл мемлекеттер денсаулық сақтау, білім беру, азық-түлік қауіпсіздігі және басқа да маңызды салаларда көптеген мәселелерді еңсере алады.

¹⁵ OECD - Official development assistance (ODA): Frequently asked questions. URL: <https://www.oecd.org/en/data/insights/data-explainers/2024/07/frequently-asked-questions-on-official-development-assistance-oda.html>

Әлемде орта табыстан жоғары және төмен табысты елдердің қатар өмір сүретінін ескере отырып, көмекке мұқтаж халықтарға қолдау көрсету - аса маңызды. Бұл даму мәселелерін азайтып қана қоймай, мемлекеттердің өздігінен дамуға мүмкіндік алуына негіз болатын аланды қалыптастырады.

Мұндай жобалардың маңызын толық түсіну үшін нақты мысалдарды келтірген жөн. Бұл жобалар тек донор елдермен шектелмейді, сондай-ақ даму саласында белсенді жұмыс істейтін халықаралық ұйымдарды да қамтиды:

Камерундағы оқу саясатын реформалау жөніндегі Дүниежүзілік банктің жобасы

2017 жылға дейін Камерун оқулықтардың айтарлықтай тапшылығына тап болды, бұл жағдай білім сапасына теріс әсер етті. Бір оқулыққа орта есеппен 12 оқушы, ал кедей аймақтарда – 30 оқушыдан келетін. Оқулықтардың бағасы салыстырмалы елдермен салыстырғанда үш есе қымбат болды, ал осы саладағы әлсіз саясат оқулықтарды әзірлеуді тиімсіз басқаруға әкелді. Оқу материалдарының жиі ауыстырылуы отбасыларға қосымша қаржылық салмақ салды. Бұл мәселені шешу бірнеше жылға созылған: Камерун үкіметі мен Дүниежүзілік банктің серіктестігінің нәтижесінде мүмкін болды. Соның арқасында оқулықтардың бағасы 50%-дан астам төмендеп, 2023 жылы екі оқушыға үш негізгі оқулықтан келетін арақатынасқа қол жеткізілді. Сонымен қатар, мектеп оқушылары негізгі оқу құралдарымен тегін қамтамасыз етіле бастады.¹⁶

Үндістандағы тегін медициналық сақтандыру жөніндегі GIZ жобасы

Үндістанда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік медициналық сақтандыру бағдарламасы (PM-JAY) аясында 500 миллионнан астам адам тегін медициналық қызметке қол жеткізді. Бұл мүмкіндік әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде өмірлік маңызды рөл атқарды. Он жылдан астам уақыт бойы дамып келе жатқан бұл бағдарлама 10 000 ауруханада 12 миллионға жуық стационарлық ем қабылдауға жол ашты. Неміс

¹⁶ World Bank - Turning Pages, Transforming Lives: Cameroon's Textbook Revolution. URL: <https://www.worldbank.org/en/results/2024/02/01/turning-pages-transforming-lives-cameroon-textbook-revolution>

халықаралық ынтымақтастық агенттігі (GIZ) Германияның Федералдық экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігі (BMZ) мен Билл және Мелинда Гейтс қорының атынан Үндістандағы осы жүйені кеңейтуге қолдау көрсетуде. GIZ зертханалар қызметін қолдап, тестілеу үдерістерін үйлестіреді, сақтандыруы жоқ адамдардың шығындарын субсидиялайды, сондай-ақ жаңа зертханалар құруға жәрдемдеседі.¹⁷

Климаттық өзгерістерге бейімделуге қолдау көрсету жөніндегі AFD-нің «AdaptAction» бағдарламасы

2017 жылдан бастап Францияның даму агенттігі (AFD) бастамашы болған AdaptAction бағдарламасы климаттық тәуекелдерге ең көп ұшыраған елдер мен аймақтық ұйымдарға бейімделу стратегияларын іске асыруда қолдау көрсетіп келеді. Бағдарламаның алғашқы кезеңі (2017–2022) 30 миллион еуро бюджетімен жүзеге асырылды. Бұл кезеңде осалдықты бағалау бойынша зерттеулер, ұлттық іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және институционалдық әлеуетті арттыру қаржыландырылды. 2017 жылдан бастап 500-ден астам сарапшы 75-тен астам зерттеу жүргізді. Бұл зерттеулер басқару, мониторинг және бағалау жүйелері (Expertise France-пен бірлесіп), ауыл шаруашылығы, су ресурстарын басқару, климаттық қызметтер, табиғи негізделген шешімдер және апаттар тәуекелін төмендету салаларын қамтыды. Аталған зерттеулер осы салалардағы озық тәжірибелер мен ұсынымдарды қалыптастырудың негізі болды. Бағдарламаның екінші кезеңі (2022–2025), COP26 климаттық саммитінде іске қосылып, Африка құрлығына бағытталды. Ол Сенегал, Нигер және Гамбияны қоса алғанда 12 елді қамтиды. AdaptAction бағдарламасы ауыл шаруашылығы, су ресурстарын басқару, жағалауды қорғау және экожүйелік шешімдер салаларындағы жобаларды қолдай отырып, елдерге қуаңшылық, жердің тозуы және су тапшылығы сияқты климаттық қиындықтарға бейімделуге көмектеседі.¹⁸

¹⁷ GIZ - India: Health care for half a billion people. URL: <https://www.giz.de/en/workingwithgiz/91175.html>

¹⁸ AFD - AdaptAction. URL: <https://www.afd.fr/en/adaptaction>.



Суретте: 2025 жылдың сәуір айында Ауганстанға Қазақстаннан гуманитарлық көмек келді — азық-түлік, дәрі-дәрмек және бірінші қажеттіліктегі тауарлары бар 36 вагон.

Танзаниядағы жергілікті басқару органдарының әлеуетін арттыру жөніндегі ЛСА жобасы

Танзанияда 1998 жылдан бастап саяси, қаржылық және әкімшілік өкілеттіктерді жергілікті басқару органдарына (LGAs) беру арқылы децентрализация процесі жүргізіліп келеді. Алайда бұл органдардың институционалдық әлеуетін дамыту әлі де өзекті міндет болып қалуда. Танзания үкіметінің сұранысына жауап ретінде, Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (ЛСА) 2008–2010 жылдары жергілікті басқару органдарына арналған оқыту әлеуетін дамыту жобасына қолдау көрсетті. Бұл жоба мүдделі тараптардың жұмысын үйлестіруге және оқытудың кешенді стратегиясын әзірлеуге бағытталды. 2010 жылдан бастап аталған стратегияны іске асыру басталды. 2011 жылы Жергілікті басқару органдарын оқыту институты негізгі оқу мекемесі ретінде белгіленіп, оқыту үдерісін үйлестіру мен сапасын бақылау жауапкершілігін өзіне алды. Жобаның екінші кезеңі аясында ЛСА аталған Институтқа оқыту

қажеттіліктерін үйлестіру және білім беру сапасын қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеуге қолдау көрсетуді жоспарлады.¹⁹

Сондай-ақ, дағдарыстық жағдайларға ұшыраған елдерге көрсетілетін гуманитарлық көмекті де ерекше атап өткен жөн.

БҰҰДБ-нің 2015 жылғы Непалдағы жер сілкінісінен кейін қалпына келтіруге көрсеткен қолдауы

2015 жылғы 25 сәуірде Непалда магнитудасы 7,8 балл жойқын жер сілкінісі болып, оның соңы бірнеше қайталама дүмпулермен жалғасты. Ірі инфрақұрылым нысандары – әуежай мен энергетикалық жүйе қатты зақымданған жоқ, алайда ең үлкен шығын ауылдық аймақтарда тіркелді: шамамен 600 мың тұрғын үй мен тарихи-мәдени ескерткіштер бүлінді немесе толығымен қирады. Алдын ала есептеулер бойынша қалпына келтіру жұмыстарына шамамен 175 миллион АҚШ доллар қажет болған. БҰҰ деректеріне сәйкес, Непалда 2,8 миллион адам гуманитарлық көмекке мұқтаж болып, оның ішінде 860 мың адам баспанасыз қалды, ал 70 мың бала аштық пен түрлі жұқпалы аурулар қаупіне ұшырады. БҰҰ бұл жағдайға алғашқы айларда-ақ жедел әрекет етті. Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы (WFP) жер үсті және әуе көлігі арқылы екі миллион адамға азық-түлік пакеттерін жеткізіп, ал шалғай таулы аймақтарға гуманитарлық көмекті альпинистер арқасында жеткізу ұйымдастырылды.²⁰

Аталған жобалар, бағдарламалар мен көмек үлгілері елдерге қолдау көрсетудің маңыздылығын нақты көрсетеді. Олар бірлескен күш-жігер халықтың әл-ауқатына бағытталған нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін айғақтайды. Бұл мысалдар білім беру, денсаулық сақтау, климат, мемлекеттік басқару және азық-түлік қауіпсіздігі сияқты салаларды қамтып, олардың барлығы БҰҰ-нің 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібінің мақсаттарымен тығыз байланысты екенін тағы да бір көрсетеді.

¹⁹ JICA - Project for Capacity Development for Local Government Training Phase 2. URL:

https://www.jica.go.jp/english/overseas/tanzania/activities/governance_08.html

²⁰ ООН - На восстановление разрушенных жилых домов в Непале требуется 175 миллионов долларов США. URL: <https://news.un.org/ru/story/2015/05/1264191>.

II БӨЛІМ: Дамуға ресми көмегінің қалыптасуы мен даму кезеңдері

2.1. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезең: отарлық көмек және Ұлттар Лигасы

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін халықаралық даму көмегі қалыптасу сатысында болғандықтан, XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан нысандар мен қағидаттарға сәйкес келмейтін. XX ғасырдың бірінші жартысында әлем негізінен еуропалық отарлық державалар ықпалының астына болғандықтан, Азия, Африка және Латын Америка елдерінің басым көпшілігі саяси тәуелсіздікке қолжетімсіз еді. Бұл елдердің саяси, экономикалық және мәдени дамуы метрополиялардың мүддесіне тәуелді болды. Осындай жағдайда халықаралық көмек артта қалған аймақтарға ерікті қолдау көрсету актісі емес, басқару, қанау және бақылау логикасының жалғасы ретінде қызмет етті.

Британ, Француз, Бельгия, Голланд және Португалия отарлық империялары өз отарларына көмекті таңдаулы түрде және тек өздерінің ұлттық мүдделері шеңберінде көрсетті. Инфрақұрылым, білім беру немесе денсаулық сақтау жүйелерінің дамуы жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін емес, ресурстарды тиімді игеру мен әкімшілік басқаруды тұрақтандыру мақсатында жүргізілді. Мысалы, Үндістан мен Африка елдеріндегі темір жолдар құрылысы ең алдымен ауыл шаруашылығы өнімдерін, пайдалы қазбалар мен басқа да тауарларды порттарға Еуропаға жеткізу мақсатында салынды. Мұндай жобалар сырттай «дамуға үлес» ретінде көрсетілгенімен, іс жүзінде метрополиялардың мүддесіне ғана қызмет етті.

Білім беру жүйесі де отарлық көмектің бағынышты элементі ретінде қалыптасты. Мектептер негізінен отарлық әкімшілік жүйеде қосалқы қызметтер атқара алатын шектеулі жергілікті кадрларды даярлау үшін құрылды. Сонымен қатар, білім беру мазмұны ассимиляция қағидатына негізделді: жергілікті халыққа метрополияның тілі, мәдениеті мен тарихы үйретіліп, олардың дәстүрлері мен бірегейлігі жиі ескерілмей немесе әдейі басып

тасталатын. Кейбір отарларда бұл жүйе «өркениет миссиясы» деп аталып, теңсіздік пен бағыныштылықты ерекше атап көрсететін.

Денсаулық сақтау саласы да ресми түрде көмек ретінде қарастырылғанымен, өте таңдаулы түрде дамыды. Медициналық мекемелер, әдетте, еуропалық қоныстанушылар тығыз орналасқан аудандарда немесе экономикалық маңызы бар нысандарға жақын жерлерде құрылды. Басқа аймақтардағы жергілікті халық жиі қарапайым медициналық көмектен де тыс қалды. Сонымен қатар, санитарлық науқандар мен вакциналау сияқты шаралар тұрғындардың келісімісіз жүргізіліп, бұл сенімсіздік пен қарсы тұруға алып келді.²¹

Осындай жағдайда, 1919 жылы Ұлттар Лигасының құрылуы жаһандық ынтымақтастыққа жүйелі көзқарас қалыптастыруға ұмтылған халықаралық қауымдастықтың алғашқы маңызды қадамы болды. Бұл Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін болашақ соғыстардың алдын алу және әлемдік саясатты тұрақтандыру мақсатында құрылған алғашқы халықаралық ұйым болды. Оның мандаты тікелей даму көмегін көрсетуді қарастырмағанымен, Ұлттар Лигасы халықаралық көмектің алғашқы нысандары ретінде тануға болатын бірнеше бағытта қызмет атқарды.

Солардың бірі – мандаттық жүйе болды. Герман және Осман империялары ыдырағаннан кейін Африка Лигасы, Таяу Шығыс және Тынық мұхиты аймақтарындағы бірқатар аумақтарды бақылауына алып, оларды ірі державалардың басқаруына берді. Бұл басқару халықаралық бақылау аясында жүзеге асырылды. Мандаттың ресми мақсаты – осы халықтарды тәуелсіздікке дайындау болғанымен, іс жүзінде ол отарлық бақылаудың қолданыстағы формаларын сақтап, тек халықаралық есептілік элементтерімен толықтырылды.

Бұған қоса, Ұлттар Лигасы денсаулық сақтау және экономика салаларында да қолдау көрсетті. 1920–1930 жылдары ол сүзек пен безгек індеттерімен күресу үшін медициналық миссиялар ұйымдастырып, санитарлық ағарту жұмыстарымен айналысты. Бұл тәжірибе кейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) қызметіне негіз болды. Сонымен қатар, соғыстан зардап

²¹ Pedersen, S. (2015). *The Guardians: The League of Nations and the Crisis of Empire*. Oxford University Press.

шеккен Австрия және Венгрия сияқты елдердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған талпыныстар жасалды. Алайда, бұл әрекеттер ірі державалардың саяси еркіне тәуелді, фрагментарлық болғандықтан, сипат, кең ауқымды әсер ете алмады.²²

Осылайша, Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде халықаралық көмек әмбебап сипатқа ие бола алмай, сол уақыттағы саяси, экономикалық әрі әскери логикамен тығыз байланысты еді. Отарлық державалар көмекті бақылау мен өз үстемдігін сақтаудың құралы ретінде пайдаланды, ал Ұлттар Лигасы сияқты халықаралық механизмдер әлі де бастапқы даму сатысында болатын. Соған қарамастан, дәл осы кезеңде 1945 жылдан кейін әділетті және жүйелі көмек көрсету тәсілдерінің негізін қалаған алғашқы жаһандық ынтымақтастық элементтері қалыптасты.

Отарлық көмек: қанау мен даму арасындағы тепе-теңдік

Метрополиялар мен олардың отарлары арасындағы өзара әрекеттестіктің бір түрі, отарлық көмек – гуманизмнің немесе жалпыға ортақ прогресс идеясын көздемеді. Керісінше, ол метрополиялардың бағынышты аумақтардағы бақылауын сақтап, ресурстардың тиімді игеруіне арналған құрал ретінде қызмет етті. Мұндай «көмектің» негізгі мақсаты – жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсарту емес, пайдалы қазбалар, ауыл шаруашылығы өнімдері және басқа да шикізатты қарқынды әрі үнемді түрде өндіруге қолайлы жағдай жасау болды. Колониялар метрополиялардың әл-ауқаты мен өнеркәсіптік дамуын қамтамасыз ететін шикізат көзі ретіндегі активтер ретінде қарастырылды.

Отарлық державалардың инвестиция құятын басты бағыттарының бірі – инфрақұрылым еді. Алайда бұл инфрақұрылым көбіне әлеуметтік емес, стратегиялық сипатқа ие болатын. Отарлық аймақтарда теміржолдар, жолдар, көпірлер және порттар белсенді түрде салынды. Бұл жобалардың барлығы дерлік отарлық экономиканың мүддесіне қызмет етті. Мысалы, Британ Үндістанындағы теміржол желісі мақта, шай, көмір және

²² Mazower, M. (2012). *Governing the World: The History of an Idea*. Penguin Books.

басқа да ресурстарды экспорттау мақсатында дамытылды. Жолдар кеніштерді, плантацияларды және шикізат өндіру орындарын ірі порттармен жалғады, сол жерден бұл тауарлар метрополияға жөнелтілетін. Ал жергілікті қауымдастықтардың ішкі қажеттіліктері – ауылдарға көлік қатынасы, өңіраралық байланыс немесе қалалар арасындағы сауданы дамыту – мүлде ескерілмеді. Бұл инфрақұрылымдық модельдің нәтижесінде логистикалық жүйе тек сыртқы мүдделерге бағытталды және жергілікті даму қажеттері ескерусіз қалды.

Инфрақұрылым құрылысы көбінесе ауыр еңбек жағдайларымен қатар жүрді. Жергілікті халық аз жалақы, немесе кей жағдайларда мәжбүрлі түрде жұмысқа тартылды. Мысалы, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Бельгия Конгосында байырғы халық плантациялар мен каучук өндірісіне арналған инфрақұрылым құрылыстарына кең көлемде жұмылдырылды. Жұмысшылар зорлық-зомбылықпен, жазалаумен бетпе-бет келді, ал жұмысқа шығудан бас тарту бүкіл ауылдарға қарсы репрессияларға себеп болды. Мұндай тәжірибелер жергілікті халықтың әл-ауқатына кері әсер етіп қана қоймай, әлеуметтік жаралар мен сыртқы «даму» шараларына деген терең сенімсіздікті тудырды.²³

Инфрақұрылымнан бөлек, метрополиялар отар елдердің білім беру және денсаулық сақтау жүйелеріне де белсенді араласты. Бірақ бұл бастамалар шынайы әлеуметтік даму емес, отарлық билікті нығайту мақсатында жүзеге асырылды. Француз және британ отарларында мектептер негізінен метрополия бұйрықтарын орындай алатын төменгі деңгейдегі әкімшілік кадрларды даярлау үшін құрылды. Оқу бағдарламалары метрополияның тілі, мәдениеті және идеологиясына негізделіп, жергілікті тілдер мен дәстүрлі білім беру жүйелерін ығыстырды. Француз отарлық саясаты әсіресе ассимиляция идеологиясына сүйенді: жергілікті халық француз рухы мен құндылықтарын қабылдауы тиіс болды, ал өзінің бірегейлігінен бас тартуға мәжбүр етілді.

²³ Cooper, F. (2002). *Africa Since 1940: The Past of the Present*. Cambridge University Press.

Денсаулық сақтау саласы одан да қатты теңсіздікпен дамыды. Ауруханалар мен медициналық пункттер, негізінен, еуропалықтар шоғырланған қалаларда немесе өнеркәсіптік объектілер маңында құрылды. Ал шалғай және ауылдық аудандар медициналық көмекпен мүлде қамтылмады. Безгек немесе сары қызба сияқты эпидемия кезінде санитарлық шаралар жүргізілгенімен, олардың басты мақсаты – еуропалық қоныстанушылар мен экономикалық қызметті қорғау болды, ал жергілікті халықтың денсаулығы екінші кезекте қалды.

Отарлық көмек көбіне таңдамалы сипатта болды. Ол тек экономикалық тұрғыдан маңызды аймақтарда – пайдалы қазбалар өндіретін жерлерде, ірі порттарда немесе плантацияларда шоғырланды. Ал тікелей экономикалық құндылығы жоқ өңірлер инвестициясыз және назардан тыс қалды. Бұл колония ішіндегі аймақтар арасында дамудың теңсіздігіне әкелді. Кейбір аймақтарда инфрақұрылым мен базалық қызметтер бар болса, көршілес өңірлерде кедейшілік, мектептердің, жолдардың және медициналық мекемелердің жетіспеушілігі сақталды.²⁴

Мұндай «даму» тәсілі ұзақ мерзімді проблемалардың негізін қалады. Экономикалық өсудің теңсіздігі, әлеуметтік шиеленіс, билікке деген сенімсіздік және этностық немесе өңірлік топтар арасындағы алшақтық – отарлық саясаттың тікелей мұрасы болды. Көптеген постколониялық жанжалдардың тамыры осы кезеңдегі таңдамалы «көмек» жүйесінде жатыр, онда бір өңірлер мен топтар артықшылықтар алып, басқалары жүйелі түрде ескерусіз қалды.

Жалпы алғанда, отарлық көмек – сырттай жағымды көрінетін іс-әрекеттердің үстемдік ету мүддесіне қалай бағытталатынының айқын мысалы. Мұндай көмек жекелеген топтарға белгілі бір пайда әкелгенімен, тұтас алғанда теңсіздікті күшейтіп, отарлардың тәуелсіз және тұрақты дамуына мүмкіндік бермеді. Сондықтан, халықаралық көмектің тарихына шолу жасағанда, «даму» риторикасы мен оның шынайы себептері мен салдарларын айқындап, ажырату аса маңызды.

²⁴ Mann, G. (2004). *Native Sons: West African Veterans and France in the Twentieth Century*. Duke University Press.

Ұлттар Лигасы: халықаралық көмектің алғашқы қадамдары

1919 жылы Ұлттар Лигасының құрылуы Бірінші дүниежүзілік соғыстың басты нәтижелерінің бірден бірі, сонымен қатар, халықаралық қауымдастықтың халықаралық қатынастар жүйесін қайта қарауға жасаған алғашқы талпынысы саналды. Бұл ұйымды құру жетекші державалардың жойқын қақтығысты болдырмауға және халықаралық мәселелерді бірлесіп шешуге арналған алаң қалыптастыруға деген ұмтылысын білдірді. Лиганың басты міндеті – бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету болғанымен, оның қызметі тек саяси салада шектелген жоқ. Шектеулі болса да, ұйым халықаралық көмектің алғашқы нысандарының қалыптасуында айқын рөл атқара білді.

Ұлттар Лигасының жұмысының ең жарқын бағыттарының бірі – індеттермен күрес болды. Соғыстан кейінгі хаос, кедейлік және халықтың жаппай орын ауыстыруы аясында жұқпалы аурулардың кең ауқымды таралу қаупі туындады. Жауап ретінде, Лига ең осал аймақтарда санитарлық миссиялар ұйымдастыра бастады. 1920-жылдары мұндай миссиялар Шығыс Еуропада, Балқанда, Таяу Шығыс елдерінде және Азияның кейбір бөліктерінде жұмыс істеді. Негізгі міндеттер қатарында халықты вакцинациялау, карантиндік шараларды ұйымдастыру, санитарлық білімді тарату, сумен жабдықтау жағдайын жақсарту және бастапқы медициналық көмекті дамыту болды.

Атап айтқанда, сүзек, тырысқақ және безгек сияқты жыл сайын мыңдаған адамның өмірін жалмаған аурулармен күрес ерекше маңызға ие болды. Осы шаралар арқылы бірқатар елдерде санитарлық жағдай тұрақтандырылды. Бұл әрекеттер халықаралық денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуына алғашқы қадам ретінде танылып, кейінірек 1948 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) құрылуына негіз болды. Осылайша, Ұлттар Лигасы «денсаулық сақтау – бұл жаһандық мәселе және оны халықаралық деңгейде шешу қажет» деген идеяның негізін қалады.

Денсаулық сақтаудан бөлек, Ұлттар Лигасы соғыстан кейінгі қиын жағдайда қалған елдерге экономикалық көмек көрсетуге де

қатысқан. Мұндай жағдайлардың бірі — 1922 жылы Австрияға көрсетілген көмек. Австро-Венгрия империясы ыдырағаннан кейін Австрия экономикалық күйреуге ұшырап, гиперинфляция мен әлеуметтік тұрақсыздыққа тап болды. Лига Австрияға несие беріп, экономикалық реформаларды жүзеге асыруға бақылау жүргізу үшін халықаралық сарапшылар тобын жіберді. Ұқсас шаралар Венгрияда да қолданылды. Бұл әрекеттер халықаралық қаржылық тұрақтандыру мен экономикалық дағдарыстардың алдын алуға бағытталған алғашқы қадамдар ретінде қарастырылуы мүмкін.²⁵

Алайда, мұндай жәрдем түрлері сирек, әрі Еуропа мемлекеттерімен ғана шектеліп отырды. Жәрдем көрсету шешімдері көбінесе нақты елдердің қажеттіліктеріне емес, Ұлттар Лигасына мүше ірі державалардың саяси мүдделеріне негізделді. Дамушы елдер мен отарлық аймақтар, әдетте, қолдаусыз қалды. Бұл Лиганың мандатының және саяси ерік-жігерінің шектеулі екенін көрсетті.

Лиганың қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі — мандаттық аумақтарды басқару болды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Герман және Осман империяларына қараған аумақтар жеңімпаз мемлекеттер арасында Лига қамқорлығымен бөлініп, мандаттық басқаруға берілді. Бұған Палестина, Ирак, Руанда, Танзания сияқты аймақтар кірді. Ресми түрде бұл аумақтарды басқару олардың тәуелсіздікке дайындалуына бағытталуы тиіс болатын. Алайда, іс жүзінде бұл билікті Британия мен Франция сияқты ірі державалар жүргізіп, отарлық үстемдіктің барлық сипаттарын сақтап қалды.

Мандаттық аумақтардағы басқару тәсілдері дәстүрлі отарлық биліктен айырмашылығы аз болды: экономикалық бағыныштылық жалғасып, отарлық әкімшілік сақталды, ал жергілікті халықтың саяси құқықтары қамтамасыз етілмеді. Лиганың халықаралық ұйым ретіндегі рөлі шектеулі болды – ол басқарушы мемлекеттердің әрекеттеріне нақты бақылау жүргізе алмай, бұзушылықтарға араласу мүмкіндігінен айырылған еді. Дегенмен, бұл мандаттық жүйе кейінгі кезеңдегі, соның ішінде

²⁵ Weindling, P. (1995). *International Health Organisations and Movements, 1918–1939*. Cambridge University Press.

БҰҰ-нің қамқорлық жүйесі сияқты, өтпелі немесе дағдарысқа ұшыраған аумақтарды басқарудың халықаралық тәжірибелерінің алғышартына айналды.

Ұлттар Лигасының халықаралық құрылым ретіндегі тиімділігі бірқатар факторларға байланысты шектелді. Ұйымның өз әскери күштері де, шешімдерді де орындауға мәжбүрлейтін тетіктері де тапшы еді. Лига елдердің ерікті қатысуына және олардың саяси ерік-жігеріне тәуелді болды. Ірі державалар – Франция мен Ұлыбритания – Лиганы көбіне өз мүдделерін қорғау құралы ретінде пайдаланғанымен, оның шешімдері ұлттық мүдделерге қайшы келген жағдайда бағынуға дайын болмады. Бұдан бөлек, АҚШ Лиганы құруға белсенді қатысқанымен, оған ресми түрде мүше болмай, ұйымның беделі мен ықпалын айтарлықтай әлсіретті.

1930-жылдардағы жаһандық экономикалық дағдарыс, әсіресе Ұлы депрессия кезеңінде, Лиганың ресурстарды жұмылдыру және жедел шешім қабылдау қабілеті айтарлықтай әлсіреді. Әлемдік державалар өз мәселелерін біржақты шешуге көше бастап, халықаралық тетіктерді елемеді. Бұл Лиганың беделін төмендетіп, оның әсерін жойды. 1930-жылдары Лига Италияның Эфиопияға басқыншылығын, Жапонияның Қытайға және Германияның Еуропаға жасаған агрессиясын тоқтата алмады. Ақыр соңында бұл ұйымның күйреуіне және оның орнына неғұрлым тиімді құрылым – Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) құрылуына алып келді.²⁶

Алайда, Ұлттар Лигасы өз кемшіліктеріне қарамастан, халықаралық көмекті ұйымдастырудың бастапқы тәжірибесін қалыптастырды. Ол халықаралық денсаулық сақтаудың негізін қалап, экономикалық қолдаудың алғашқы үлгілерін сынақтан өткізіп, аумақтарды басқарудың халықаралық механизміне жол ашты. Бұл элементтер кейінгі жаһандық ынтымақтастық жүйесінің іргетасына айналды. Ұлттар Лигасы халықаралық көмектің мүмкін екенін көрсетті, бірақ ол үшін институционалдық тұрақтылық, саяси ерік және барлық елдердің

²⁶ Yearwood, P. (2009). *Guarantee of Peace: The League of Nations in British Policy 1914–1925*. Oxford University Press.

тең қатысуы қажет екенін дәлелдеді – бұл сабақ бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

2.2. Соғыстан кейінгі кезең: Бреттон-Вуд конференциясы және Маршалл жоспары

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем қираған қалалармен, күйреген экономикалармен және әлсіреген саяси жүйелермен бетпе-бет келуге мәжбүрленді. Бұрын әлемдік саясатта жетекші рөл атқарған Еуропа елдері миллиондаған босқындармен, азық-түлік тапшылығымен және толық дерлік жойылған өнеркәсіппен қирау жағдайында қалды. Осындай дағдарыс аясында халықаралық қауымдастық тек қана қалпына келтірумен шектелмей, болашақта мұндай жаһандық апаттың алдын алуға мүмкіндік беретін тетіктерді жасау қажеттілігіне тап болды. Дәл осы кезеңде көпжақты ынтымақтастық, экономикалық тұрақтылық және қақтығыстардың алдын алу қағидаттарына негізделген қазіргі Ресми даму көмегі (ДРК) жүйесінің іргетасы қаланды.

Соғыстан кейінгі қалпына келтірудің маңызды кезеңдерінің бірі — 1944 жылы АҚШ-та өткен **Бреттон-Вуд конференциясы** болды. Бұл конференцияға 44 елдің өкілдері қатысып, халықаралық экономикалық қатынастардың жаңа тәртібін қалыптастыруға тырысты. Нәтижесінде, әлемдік экономикада орталық рөл атқарған екі негізгі институттың — **Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)** мен **Қайта құру және даму жөніндегі халықаралық банктің (ҚДХБ)** (кейінірек Дүниежүзілік банк құрамына енді) негізі қаланды.

ХВҚ-нің негізгі міндеті — валюталық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қаржы дағдарыстарының алдын алу және төлем балансының тапшылығына тап болған елдерге қысқа мерзімді несиелер беру болды. Ал ҚДХБ соғыстан кейінгі экономикаға инвестиция тарту, инфрақұрылым мен өнеркәсіпті қалпына келтіру және әлеуметтік салаларды дамыту үшін ұзақ мерзімді несиелер беруге бағытталды. Бұл ұйымдар көпжақты экономикалық көмектің алғашқы құралдарына айналып, соғыстан кейінгі алғашқы жылдары Еуропа мен Жапония үшін ерекше маңызды болды.

Бреттон-Вуд жүйесінің жаңашылдығы — саясиланған және бейберекет көмекті анағұрлым тұрақты әрі болжамды қаржылық ынтымақтастық үлгісіне ауыстыруға жасалған талпынысында болды. Құрылған институттар өзара жауапкершілік, халықаралық бақылау және міндеттемелер қағидаттарына негізделді. Осылайша, олар жаһандық экономикалық басқару мен ынтымақтастықтың болашақ үлгілеріне негіз болды. Бастапқы кезде, көмек соғыстан зардап шеккен дамыған елдерге бағытталғанымен, кейін бұл механизмдер 1950–1960 жылдары тәуелсіздік алған бұрынғы колониялар қатарындағы дамушы елдерге де қолданылды.

Соғыстан кейінгі қалпына келтірудің екінші маңызды құралы — Маршалл жоспары еді (ресми атауы: Еуропаны қалпына келтіру бағдарламасы — ERP). Бұл бағдарламаны 1947 жылы АҚШ Мемлекеттік хатшысы Джордж Маршалл ұсынып, бағдарлама 1948–1952 жылдар аралығында жүзеге асырылды. Жоспардың басты мақсаты — Батыс Еуропаның экономикасын қалпына келтіріп, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп, сонымен қатар, КСРО-нің ықпалын тежеу болатын. Бұл бағдарлама аясында АҚШ Еуропаға қазіргі бағамен жүздеген миллиард доллар болатын 13 миллиард доллардан астам көмек көрсетті. Бұл қаражат өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, инфрақұрылымды қайта қалпына келтіруге, жабдық, шикізат пен азық-түлік сатып алуға жұмсалды.

Маршалл жоспары сол уақытқа дейінгі ең ауқымды көмек бағдарламасына айналып қана қоймай, болашақтағы халықаралық бастамаларға үлгі болды. Ол өзара тиімділік қағидатына негізделді: көмек еуропалық елдердің өзара ынтымақтастығы, экономикалық саясатты үйлестіруі және сауданы либералдандыру бағытында әрекет ету шартымен берілді. Бұл талаптар Еуропа интеграциясына ықпал етіп, кейінірек Еуропалық экономикалық қауымдастықтың (Еуроодақтың негізі) құрылуына алғышарт болды.

Айта кететін жағдай, Маршалл жоспары аясындағы көмек тек қаржылық қолдаумен шектелген жоқ. Ол сондай-ақ техникалық көмек, тәжірибе алмасу және кадрларды оқытумен қатар жүрді. Америкалық мамандар өндіріс орындарын қалпына келтіруге қатысып, басқарудың жаңа стандарттарын әзірлеп, экономиканы

жаңғыртуға атсалысты. Бұл көмек жай ғана ресурс бөлу есебінде емес, кешенді трансформациялық бағдарлама ретінде қабылданды.

Маршалл жоспарының саяси мәні де айқын болды. Бағдарлама Батыс Еуропадағы батысшыл үкіметтерді нығайтуға және коммунистік ықпалдың таралуына жол бермеуге бағытталды. КСРО мен Шығыс Еуропа елдері бұл жоспарға қатысудан бас тартып, оны АҚШ-тың ықпал ету тетігі ретінде қабылдады. Ал көмек алған Батыс Еуропа елдері дағдарыстан тез шығып, АҚШ пен демократиялық институттарға бейімделе бастады.

Осылайша, соғыстан кейінгі кезең халықаралық көмектің дамуындағы бетбұрысты сәт болды. Бреттон-Вуд жүйесі жаһандық экономикалық ынтымақтастықтың институционалдық негізін қалыптастырса, Маршалл жоспары сыртқы көмектің тек қалпына келтіру ғана емес, қоғамды түбегейлі трансформациялау құралы бола алатынын көрсетті. Бұл бастамалар Ресми даму көмегінің болашақ жүйесінің негізіне айналып, бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған даму тәсілдерін айқындады.

Бреттон-Вуд конференциясы: жаңа әлемдік экономиканың негізі

1944 жылдың жазында, Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға бір жыл қалғанда, АҚШ-тың Нью-Гэмпшир штатындағы Бреттон-Вудс қаласында жаһандық экономикалық қатынастар тарихындағы бетбұрысты кезеңге айналған халықаралық конференция өтті. Оған антигитлерлік коалицияның жетекші мемлекеттерін қоса алғанда 44 елдің делегациялары қатысты. Соғыс әлі аяқталмаған, ал Еуропаның басым бөлігі қираған жағдайда болған бұл конференцияның қатысушылары өздеріне аса күрделі міндет қойды — XX ғасырдың 1930-жылдарындағы Ұлы депрессия тәрізді апаттардың алдын алуға мүмкіндік беретін, әрі ұзақ мерзімді экономикалық өсім мен халықаралық тұрақтылықты қамтамасыз ететін әділ әрі орнықты экономикалық жүйені құру.

XX ғасырдың алғашқы жартысынан алынған негізгі сабақтарының бірі — елдер арасындағы келіспеген қаржылық-экономикалық саясат хаосқа, протекционизмге, валюталық

соғыстарға, сайып келгенде, саяси қақтығыстарға әкелетінін түсіну қалыптасты. Бреттон-Вуд конференциясы – халықаралық қаржылық қатынастарды реттейтін, валюталық тұрақтылықты қамтамасыз ететін және экономикалық қиындықтарды бастан өткеріп жатқан елдерге көмек көрсету тетіктерін құратын ортақ ережелер жүйесін қалыптастыру талпынысы болды.²⁷

Конференцияның басты нәтижесі — соғыстан кейінгі жаһандық экономиканың негізіне айналған екі халықаралық институттың құрылуы болды:

1. **Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)** — оның міндеті валюталық тұрақтылықты қамтамасыз ету, төлем балансының тапшылығы бар елдерге қаржылық көмек көрсету болды. ХВҚ қысқа мерзімді несиелер беріп, ұлттық валюталардың күрт құнсыздануы мен гиперинфляцияның алдын алуға көмектесті. Бұл әсіресе соғыстан кейінгі валюталық өтімділікке зәру елдер үшін аса маңызды еді.

2. **Қайта құру және даму жөніндегі халықаралық банк (ҚДХБ)** — кейінірек **Дүниежүзілік банктің** негізі болған бұл институт соғыстан зардап шеккен елдерге инфрақұрылымды, өнеркәсіпті, энергетика мен ауыл шаруашылығын қалпына келтіру мақсатында ұзақ мерзімді несиелер беруге құрылды. Кейінірек ҚДХБ дамушы елдерге де қолдау көрсетіп, олардың экономикалық өсуі мен жаңғыртуына ықпал етті.

Бреттон-Вуд жүйесінің тағы бір маңызды элементі — **тұрақты валюталық бағамдар жүйесі** еді. Әрбір ұлттық валюта АҚШ долларына байланып, ал доллар өз кезегінде алтынмен қамтамасыз етілді (бір унция алтынға 35 доллар мөлшерінде). Бұл валюталық тұрақтылықтың негізін қалап, алыпсатарлық тәуекелдерді азайтты және халықаралық сауданы жеңілдетті. Елдер валюталық бағамның күрт ауытқуынан қауіптенбей, ұзақ мерзімді инвестициялық жоспарлар жасай алды, бұл 1920–30 жылдардағы экономикалық тұрақсыздыққа қарсы шешім болды.

²⁷ James, H. (1996). *International Monetary Cooperation Since Bretton Woods*. Oxford University Press.

Дамуға ресми көмегі (ДРК) жүйесі үшін Бреттон-Вуд конференциясы маңызды бетбұрысқа айналды. Бастапқыда бұл тетіктер Еуропаны қалпына келтіруге бағытталғанымен, кейін олар Азия, Африка және Латын Америкасы елдеріне көмек көрсету үшін де қолданыла бастады. Осылайша, халықаралық көмектің жаңа моделі қалыптасты — ол бұрынғыдай біржақты шешімдерге немесе отарлық мүдделерге емес, көпжақты қатысу мен келісілген ережелерге негізделді.

ХВҚ мен Дүниежүзілік банк тетіктері отарлық сипаттағы «даму» үлгілерінен институционалданған және формалды қолдау жүйелеріне көшуге жол ашты. Ұйымдардың бюджетіне мүше елдер өздері жарна енгізіп, шешім қабылдау үдерісіне қатыса бастады. Бұл жүйеде теңсіздік толық жойылмағанымен (ең көп жарна қосқан елдердің, әсіресе АҚШ-тың, ықпалы басым болды), ол біржақты көмек моделіне қарағанда халықаралық үйлестіру мен өзара жауапкершілікке бағытталған ілгері қадам болды.²⁸

Бреттон-Вуд жүйесі 1970-жылдары еркін айырбасталатын валюта бағамдарына көшкеннен кейін де жаһандық экономикалық ынтымақтастық архитектурасына ұзақмерзімді әсерін сақтап қалды. Дәл сол кезде көпжақты институттар логикасы қалыптасты — бүгінде олар тек қаржы саласына ғана емес, сонымен қатар халықаралық даму көмегі жүйесіне де негіз болуда. Бұл жүйе экономикалық тұрақтылық, даму және халықаралық көмек — барлығы жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің өзара байланысты құрамдас бөліктері екенін дәлелдеді және бұл мәселелерді тек бірлескен шешімдер мен келісілген іс-қимылдар арқылы шешуге болатынын көрсетті.

Соғыстан кейінгі бастамалардың ДРК жүйесіне әсері

Бреттон-Вуд конференциясы мен Маршалл жоспары сынды соғыстан кейінгі бастамалар Дамуға ресми көмегі (ДРК) жүйесінің қалыптасуындағы маңызды кезеңдерге айналды. Бұл бастамалар халықаралық ынтымақтастықтың институционалдық негіздерін қалап қана қоймай, «көмек» ұғымының мәнін түбегейлі өзгертті. Олар дағдарысқа ұшыраған елдерді қолдау

²⁸ Boughton, J. M. (2001). *Silent Revolution: The International Monetary Fund 1979–1989*. IMF Publications.

жай ғана қайырымдылық актісі емес, стратегиялық сыртқы саяси және экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі бола алатынын көрсетті.

1944 жылы құрылған Бреттон-Вуд жүйесі халықаралық есеп айырысуда тұрақтылық пен болжамдылықты қамтамасыз еткен жаһандық қаржылық архитектураның негізін қалады. Бұл жүйе жүйелендірілген әрі институционалданған ДРК моделіне алғашқы қадам болды. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) мен Қайта құру және даму жөніндегі халықаралық банк (ҚДХБ, кейін Дүниежүзілік банк) сияқты құрылымдардың құрылуы нәтижесінде, елдердің жарналарға қатысуы мен шешім қабылдау процесіндегі теңдік қағидатына негізделген көпжақты көмек моделі қалыптасты. Бұл ұйымдар инвестиция мен несиеге мұқтаж елдерге қаржылық қолдау көрсетудің негізгі құралдарына айналды.

Маршалл жоспары, 1947 жылы АҚШ тарапынан ұсынылып, 1948–1952 жылдары жүзеге асырылды, қазіргі түсініктегі екіжақты мемлекеттік көмектің алғашқы ірі мысалы болды. Бұл бағдарлама кейін басқа да аймақтарға бағытталған көмек модельдерінің негізіне айналды. Жоспардың басты жаңалығы – көмектің тек соғыс салдарын жоюға емес, сондай-ақ экономиканы жаңғыртуға бағытталуы еді. Бұл – қысқа мерзімді гуманитарлық көмектен ұзақ мерзімді даму стратегиясына көшу деген сөз. Бағдарлама тек қаржылық ресурстарды ғана емес, сонымен қатар техникалық қолдауды, кадрларды оқытуды, экономикалық саясатты үйлестіруді және сауданы ынталандыруды қамтыды.

Бұл екі бастама да халықаралық көмектің тек реципиент (қабыл алушы) елдерге ғана емес, донорларға да тиімді бола алатынын көрсетті. АҚШ үшін Еуропаға көрсетілген көмек сенімді экономикалық әріптестерді қалыптастыру, коммунизмнің таралуына жол бермеу және өзінің саяси ықпалын нығайту жолы болды. Осылайша, **өзара тиімділік қағидатына** негізделген тұжырымдама қалыптасты: ДРК – бұл жай ғана

«қайырымдылық емес», тұрақтылыққа, қауіпсіздікке және экономикалық өсімге бағытталған инвестиция.²⁹

Сонымен қатар, бұл бастамалар бірқатар шектеулерді де ашып көрсетті. Біріншіден, Бреттон-Вуд жүйесі АҚШ долларын негізгі резервтік валюта ретінде қабылдау арқылы АҚШ-қа әлемдік қаржы жүйесінде үстемдік берді. Бұл жағдай дамушы елдердің бір мемлекеттің экономикалық саясатына тәуелділігін арттырды және уақыт өте келе сынға ұшырады: дамушы елдер халықаралық қаржы институттарында әділ өкілдік пен ықпалдың тең бөлінуін талап ете бастады.

Екіншіден, Маршалл жоспары Еуропа үшін табысты болғанымен, ол Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің қажеттіліктерін елемеді. Көптеген елдер өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан немесе экономикалық жаңғыру жолына енді ғана қадам басқан тұста, халықаралық көмек жүйесі негізінен Батысты қалпына келтіруге бағытталды. Бұл қосарланған стандарт сезімін тудырып, кейін дамушы елдердің 1970-жылдары **Жаңа халықаралық экономикалық тәртіпті** талап етуімен аяқталған өз күн тәртібін қалыптастыруына себеп болды.

Дегенмен, сын-пікірлерге қарамастан, Бреттон-Вуд конференциясы мен Маршалл жоспары ДРК-і халықаралық саясаттың тұрақты бағыты ретінде қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Олар бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келе жатқан институционалдық тетіктерді құрды — Дүниежүзілік банктің несиелік бағдарламаларынан бастап, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жанындағы Дамуға көмек жөніндегі комитет (DAC) сияқты донорларды үйлестіруші құрылымдарға дейін.

Соғыстан кейінгі кезең — халықаралық қауымдастықтың алғаш рет экономикалық даму мен жаһандық қауіпсіздік тығыз байланысты екенін саналы түрде түсінген сәті болды. Көмек табиғи апаттарға немесе соғыс салдарына жай жауап беру емес, бейбітшілік пен тұрақтылықты қалыптастырудың стратегиялық құралына айналды. Сол кезде **көпжақты ынтымақтастық, саяси контекстті ескеру және ұзақ мерзімді жоспарлау**

²⁹ Helleiner, E. (2014). *Forgotten Foundations of Bretton Woods: International Development and the Making of the Postwar Order*. Cornell University Press.

қағидаттары қалыптасты — қазіргі халықаралық көмекті тиімді жүзеге асыру мүмкін емес.³⁰

Қорыта айтқанда, Бреттон-Вуд жүйесі — қаржылық инфрақұрылым мен ережелерді, ал Маршалл жоспары — көмекті практикалық іске асырудың саяси және экономикалық моделін қамтамасыз етті. Осы екі бастама қазіргі ДРК жүйесінің — оның институттары, қаржыландыру тетіктері және даму тәсілдерінің іргетасын қалады.

2.3. Қырғи қабақ соғыс кезеңі: Екі блоктың бәсекелестігі

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем екі идеологиялық лагерьге бөлінді: бір жағында — АҚШ бастаған капиталистік Батыс, екінші жағында — КСРО бастаған социалистік Шығыс. Бұл қарама-қайшылық — Қырғи қабақ соғыс — тек Еуропада ғана емес, Азияда, Африкада және Латын Америкасында да өрши түсті, бұл аймақтарда ондаған елдер тәуелсіздік алып, геосаяси бәсекелестіктің аренасына айналды. Осындай жағдайларда халықаралық көмек тек ынтымақтастық немесе гуманитарлық акт емес, ықпал етуге арналған стратегиялық құралға айналды.

АҚШ пен КСРО жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттерді өз жағына тартуға ұмтылды, оларға несие, азық-түлік, қару-жарақ, мамандар мен технологиялар ұсынды. Батыс үшін негізгі мақсат — бұл елдерді капиталистік лагерьде ұстау және коммунизмнің таралуына жол бермеу болды. Ал КСРО өз тарапынан идеологиялық әріптестік пен индустрияландыруға көмектесу арқылы социалистік ықпал аясын кеңейтуге ұмтылды. Осылайша, Ресми даму көмегі (ДРК) идеологиялық күрестің құралына айналып, нақты қолдаудың көлемі мен сипаты көп жағдайда көмек алушы елдің саяси бағытына байланысты болды.

USAID агенттігінің құрылуы және рөлі

АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі агенттігі (USAID) 1961 жылы президент Джон Кеннеди әкімшілігінің бастамасымен құрылып, АҚШ-тың жаһандық Оңтүстіктегі

³⁰ DeLong, J. B., & Eichengreen, B. (1993). *The Marshall Plan: History's Most Successful Structural Adjustment Program*. In Dornbusch, R. et al. (Eds.), *Postwar Economic Reconstruction and Lessons for the East Today*. MIT Press.

сыртқы саяси және экономикалық стратегиясын жүзеге асырудағы негізгі құралдарының біріне айналды. Бұл агенттік бұған дейін жеке-жеке жүзеге асырылып келген көмек бағдарламаларын бір орталықтан басқаратын жүйеге біріктіріп, Азия, Африка, Латын Америкасы және Таяу Шығыс елдерінде дамуға жүйелі түрде жәрдемдесу жұмысын бастады.

USAID ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылым және экономикалық реформалар салаларында, соның ішінде нарықтық экономиканы ілгерілету мен институционалдық құрылымдарды қалыптастыру бойынша жобаларды белсенді түрде қаржыландырды. Агенттік өз қызметінің бейтараптығы мен гуманитарлық сипатын жариялағанымен, көмек көлемі мен бағыттары көбіне АҚШ-тың сыртқы саяси басымдықтарына сәйкес келетін. Батысшыл бағыт пен нарықтық реформаларды ұстанған мемлекеттер, әдетте, неғұрлым көп қолдау алатын.

2000-жылдардың басына қарай USAID әлемдегі Дамуға ресми көмегін (ДРК) жүзеге асыратын ең ірі құрылымдардың біріне айналды. Ол АҚШ-тың «жұмсақ күш» тұжырымдамасының символына айналып, Вашингтонның ұзақ мерзімді саяси альянстарды нығайту, осал мемлекеттерді тұрақтандыру және өзінің құндылықтарын жаһандық деңгейде ілгерілету стратегияларын іске асыруына мүмкіндік берді.

2025 жылғы бетбұрыс: қысқарту және функцияларды беру

2025 жылы Дональд Трамптың АҚШ президенті қызметіне қайта оралуынан кейін сыртқы көмек жүйесіне ауқымды реформа жүргізу басталды. Қаңтар айында әкімшілік барлық дерлік көмек бағдарламаларын 90 күнге уақытша тоқтату туралы шешім қабылдады, бұл шаралардың «ұлттық мүдделерге сәйкестігін қайта қарау» мақсатында жасалғаны хабарланды. Бұл шешім халықаралық серіктестер, үкіметтік емес ұйымдар мен гуманитарлық құрылымдар тарапынан елеулі алаңдаушылық тудырды.

2025 жылдың наурызына қарай USAID агенттігінің 80%-дан астам келісімшарттарының жабылатыны немесе тоқтатылатыны және агенттіктің негізгі функцияларының біртіндеп Мемлекеттік департамент құрылымына берілетіні ресми түрде жарияланды.

Бұқаралық қысқартулар, төлемдердің кешігуі және ұйымдастырушылық бейберекеттік агенттіктің ішкі жүйесінде дағдарысты ушықтыра түсті. Формалды түрде агенттік таратылмағанымен, ол іс жүзінде дербес мәртебесінен айырылды.

Бұл реформа аясында көмек көрсету бюджеті күрт қысқартылып, ондаған миллиард доллар көлемінде азайтылды. Әкімшілік бұл шешімін «ризашылығын білдірмейтін режимдерді қаржыландыруды тоқтату», «ішкі басымдықтарға назар аудару» және «нағыз одақтастармен жұмыс істеу» қажеттілігімен түсіндірді.

Жаһандық салдары және күштер тепе-теңдігінің өзгеруі

АҚШ-тың халықаралық көмекке қатысуын қысқартуы сарапшылар, соның ішінде бұрынғы әскери қызметкерлер мен дипломаттар арасында алаңдаушылық тудырды. Олар «жұмсақ күш» құралдарынан бас тарту стратегиялық вакуумға алып келуі мүмкін екенін атап өтті — бұл бос кеңістікті бірден басқа ойыншылар, ең алдымен Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Түркия мен Үндістан толтыра бастайды.

USAID ондаған жылдар бойы жұмыс істеген көптеген елдерде — Шығыс Еуропадан бастап Шығыс Африкаға дейін — балама қаржыландыру көздеріне, оның ішінде Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына бет бұру үдерісі басталды. Жергілікті серіктестер — үкіметтік емес ұйымдар мен жергілікті басқару органдары — күрделі жағдайда қалды: цифрлық білім беру, әйелдердің құқықтарын ілгерілету, жергілікті басқару және денсаулық сақтау салаларындағы көптеген бағдарламалар тоқтатылды немесе мүлдем жабылды.

Гуманитарлық салдарлар да ерекше байқалды, әсіресе дағдарыс жағдайындағы елдерде. Йемен, Судан, Гаити және Ауғанстандағы көмектің тоқтатылуы азық-түлікке, дәрі-дәрмекке және білім алуға қолжетімділіктің күрт төмендеуіне әкелді. Халықаралық ұйымдар тұрақсыздықтың күшеюі мен гуманитарлық жағдайдың нашарлауы туралы ескерту жасады.

Осылайша, 1961 жылы құрылғаннан бері АҚШ-тың сыртқы саясатының маңызды элементі болған USAID агенттігі 2025 жылы түбегейлі қайта қарауға ұшырады. Бұл қадам АҚШ-тың даму саласындағы бұрынғы жаһандық көшбасшылық моделінен

алыстап, әлемдік тәртіпте жаңа сұрақты күн тәртібіне шығарды: бос қалған кеңістікті кім толтырады?

Дамуға көмектесу арқылы ықпал жүргізуге арналған жаһандық бәсекелестік жалғасып жатыр, бірақ қазіргі таңда бұл күрес жаңа жағдайларда және жаңа ойыншылардың қатысуымен жүріп жатыр. Халықаралық көмек тағы да тек құндылықтар үшін емес, көпполярлық дәуірдегі стратегиялық мүдделер үшін бәсекенің алаңына айналууда.

III БӨЛІМ: ДРК жүйесіндегі дағдарыстар мен реформалар (1980–2000 жж.)


3.1. Неолибералдық реформалар және құрылымдық қайта құру

1980–2000 жылдар аралығында БҰҰ мен оның құрылымдары елеулі дағдарыстар мен реформалар кезеңінен өтті. Бұл кезеңде халықаралық ұйымдардың тиімділігі, әділеттілігі және жаһандық институттардың рөліне қатысты сұрақтар алдыңғы қатарға шықты. Себебі жаңа жаһандық ойыншылардың ықпалы артты, ал экономикалық және әлеуметтік сын-қатерлер халықаралық көмектің тәсілдері мен стратегияларын бейімдеуді талап етті. Аталған кезеңде негізгі назар неолибералдық реформаларға, үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) рөлінің артуына және дамушы елдердің халықаралық саясат пен көмек саласындағы ықпалының күшеюіне аударылды.³¹

1980-жылдардың басында жаһандық Оңтүстікке кіретін көптеген елдер қарыз дағдарысына ұшырады. 1970-жылдары бұл мемлекеттердің үкіметтері әлемдік экономиканың тұрақты өсетініне сеніп, сыртқы қарыздарды белсенді түрде тартқан еді. Алайда кейіннен пайыздық мөлшерлемелердің күрт өсуі мен шикізат бағасының төмендеуі бұл қарыздарды өтеуді қиындатты. Қаржылық дағдарыс әсіресе Латын Америкасы елдерін қатты

³¹ Easterly, William. *The Elusive Quest for Growth: Economists' Adventures and Misadventures in the Tropics*. MIT Press, 2001. // Sachs, J. D. (2006). *The end of poverty: Economic possibilities for our time*. Penguin// Stiglitz, J., & Pike, R. M. (2004). *Globalization and its Discontents*.

шарпыды, мұндағы 1980-жылдар «жоғалған онжылдық» деп аталады. Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) құлдырауы, гиперинфляция және жаппай жұмыссыздық әлеуметтік мәселелерді одан әрі ушықтырды.



Источник: United Nations Conference on Trade and Development (UNCTAD), Debt and Development Report, 1990.

Қарыз дағдарысын еңсеру мақсатында донор елдер мен Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Дүниежүзілік банк сынды халықаралық қаржы институттары Вашингтон консенсусына негізделген реформалар бағдарламасын ұсынды.³² Бұл бағдарлама неолибералдық қағидаттарға сүйенді: сауданы либерализациялау, мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, мемлекеттік шығыстарды азайту және экономиканы реттеудегі мемлекеттің рөлін қысқарту. Бұл шаралар көмек алушы елдердің экономикаларын құрылымдық қайта құруды көздеді, алайда олардың жүзеге асырылуы елеулі әлеуметтік шығындармен қатар жүрді.

³² World Bank. World Development Reports (1980-2000) // United Nations Development Programme (UNDP). Human Development Report.

Вашингтон консенсусын жүзеге асыруға дейінгі және кейінгі негізгі көрсеткіштерді салыстыру.

Көрсеткіш	Реформаға дейін	Реформадан кейін
Кедейлік деңгейі	35%	50%
Жан басына шаққандағы ЖІӨ	\$2,500	\$3,200
Инфляция деңгейі	25%	15%

Дереккөз: *Williamson, J. (2004). The Washington Consensus as Policy Prescription for Development. Institute for International Economics.*

Халықаралық қаржы институттарының қойған шарттарына байланысты көптеген елдер денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік бағдарламаларға бөлінетін мемлекеттік шығыстарды қысқартуға мәжбүр болды, бұл кедейлік пен теңсіздіктің өсуіне әкелді. Жекешелендіру және нарықтарды шетелдік тауарларға ашу жергілікті өнеркәсіптің күйреуіне себеп болды, себебі ол ірі халықаралық корпорациялармен бәсекелесе алмады. Реформалар жекелеген елдерде экономикалық өсуді ынталандырғанымен, халықтың басым бөлігі үшін өмір сүру сапасына әсері оң болмады.³³

1980-жылдар кезеңі халықаралық көмек пен экономикалық даму тәсілдерінің түбегейлі өзгеру кезеңі ретінде сипатталады. Жаһандық қарыз дағдарысы, жаһандық Оңтүстіктегі экономикалық жағдайдың нашарлауы және кедейліктің артуы аясында халықаралық институттар қолдаған неолибералдық/құрылымдық реформалар кешені жүзеге асырылды. Бұл реформалар жаңа экономикалық саясаттың негізіне айналып, либерализация, жекешелендіру және мемлекеттік реттеуді азайту бағытында жүргізілді.³⁴

Неолибералдық реформалардың алғышарттары

1980-жылдардағы дағдарыс жаһандық Оңтүстіктегі елдердің сыртқы қарызға тәуелділігінің салдарына айналды. 1970-

³³ Rodrik, D. (2006). Goodbye Washington consensus, hello Washington confusion? A review of the World Bank's economic growth in the 1990s: learning from a decade of reform. *Journal of Economic literature*, 44(4), 973-987. // Birdsall, N., De La Torre, A., & Valencia Caicedo, F. (2010). The Washington consensus: assessing a damaged brand. *Center for Global Development Working Paper*, (213).

³⁴ Stiglitz, J., & Pike, R. M. (2004). Globalization and its Discontents.

жылдары дамушы елдер халықаралық нарықтардан белсенді түрде қаражат тартып, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағыттады. Бұл несиелер төмен пайыздық мөлшерлемелермен ұсынылып, тұрақты экономикалық өсімге деген иллюзияны қалыптастырды. Алайда 1980-жылдардың басында жағдай күрт өзгерді: АҚШ-тағы пайыздық мөлшерлемелердің өсуі, шикізат бағасының төмендеуі және әлемдік сұраныстың құлдырауы сыртқы қарыздарды өтеу мәселесін күрделендірді.³⁵

Нәтижесінде макроэкономикалық жағдай күрт нашарлады. Мексика, Бразилия, Аргентина сияқты бірқатар елдер өз қарыздарын өтеуге қабілетсіз болып шықты, бұл кең ауқымды қарыз дағдарысына алып келді. Осы жағдайға жауап ретінде халықаралық қаржы институттары құрылымдық қайта құру бағдарламаларын ұсынды. Бұл бағдарламалар кең ауқымды нарықтық реформаларды қамтыды және оларды жүзеге асыру неолибералдық экономикалық саясаттың алғышарттарына айналды.³⁶

Вашингтон консенсус: реформалардың негіздері

1989 жылы қалыптасқан Вашингтон консенсус сол кезеңдегі экономикалық саясаттың басты тұғырына айналды. Бұл ұсыныстар жиынтығы дамушы елдердегі дағдарыстарды шешудің әмбебап рецепті ретінде ұсынылды. Оның негізгі шаралары фискалдық тәртіпті сақтауды, сауданы либерализациялауды, экономиканы реттеуді азайтуды (дерегуляция), мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруді және де субсидияларды қысқартуды қамтыды.

Вашингтон консенсусына сәйкес, еркін нарық пен мемлекеттің экономикалық өмірге араласуын азайту елдерді дағдарыстан шығаруға көмектеседі деп есептелді. Шын мәнінде бұл реформалар Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) мен

³⁵ Sachs, J. D. (2006). *The end of poverty: Economic possibilities for our time*. Penguin.

³⁶ Easterly, W. R. (2002). *The elusive quest for growth: economists' adventures and misadventures in the tropics*. MIT press

Дүниежүзілік банктен несие мен қаржылық көмек алу үшін міндетті шартқа айналды.³⁷

Құрылымдық реформаларды жүзеге асыру

Құрылымдық реформалар бірнеше кезеңмен жүзеге асырылды. Бірінші қадам – сауданы либерализациялау болды. Бұл кедендік баж салығын азайтуды, импортқа қойылған кедергілерді жоюды және нарықтарды шетелдік компанияларға ашуды көздеді. Нәтижесінде, жергілікті өндірушілер ірі трансұлттық корпорациялармен бәсекеге түсіп, бірқатар өндіріс салаларының құлдырауына әкелді.³⁸

Келесі кезең – мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру болды. Көптеген елдер энергетика, көлік, байланыс сияқты стратегиялық маңызы бар салалардағы активтерін жаппай сатуға кірісті. Жекешелендіру көбіне асығыс және тиімсіз түрде жүргізілді, бұл монополиялардың пайда болуына және билікке жақын элиталардың байып кетуіне жол ашты.

Реформалардың ең даулы аспектілерінің бірі – әлеуметтік шығыстардың қысқаруы болды. Мемлекеттер денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік бағдарламаларға бөлінетін бюджеттерін азайтуға мәжбүр болды. Бұл, әсіресе осал топтардың арасында, халықтың өмір сүру деңгейіне теріс әсер етті. Сонымен қатар, мемлекеттік сектордың қысқаруы мен кәсіпорындардың жаппай банкротқа ұшырауы салдарынан жұмыссыздық өсті, бұл әлеуметтік шиеленісті күшейтті.³⁹

Әлеуметтік және экономикалық салдары

Неолибералдық реформалардың нәтижелері екіұшты болды. Бір жағынан, бұл реформалар инфляцияның төмендеуіне, ұлттық валюталардың тұрақтануына және шетелдік инвестициялардың тартылуына ықпал етті. Екінші жағынан, олар елеулі әлеуметтік шығындармен қатар жүрді. Әлеуметтік бағдарламалардың

³⁷ Rodrik, D. (2008). One economics, many recipes: globalization, institutions, and economic growth. In *One Economics, Many Recipes*. Princeton university press

³⁸ Birdsall, N., De La Torre, A., & Valencia Caicedo, F. (2010). The Washington consensus: assessing a damaged brand. *Center for Global Development Working Paper*, (213).

³⁹ Rodrik, D. (2006). Goodbye Washington consensus, hello Washington confusion? A review of the World Bank's economic growth in the 1990s: learning from a decade of reform. *Journal of Economic literature*, 44(4), 973-987.

қысқаруы және кедей халық топтарына салықтық жүктеменің артуы кедейлік пен теңсіздіктің өсуіне алып келді.

Бұдан бөлек, сауданы либерализациялау мен нарықтарды ашу көптеген елдердің экономикасын импортқа тәуелді етіп, төлем балансының тапшылығын ушықтырды. Жекешелендіру күтілген тиімділікті қамтамасыз етпей, жиі стратегиялық ресурстарға бақылаудан айырылуға әкеп соқты.

Сондай-ақ, экологиялық салдарлар да айқын көріне бастады. Экономикалық өсімді басты мақсат еткен елдер табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдаланып, бұл қоршаған ортаның тозуына және экологиялық апаттардың жиілеуіне себеп болды.⁴⁰

Неолибералдық тәсілге сын

Неолибералдық реформалар экономистер, халықаралық ұйымдар және азаматтық қоғам өкілдері тарапынан кең көлемді сынға ұшырады. Негізгі сын — бұл реформалардың нарық мүддесіне бағытталаып, халықтың нақты қажеттіліктерін елемей. Әлеуметтік шығыстардың қысқаруы адам капиталының негіздерін әлсіретіп, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуға кедергі келтірді.

Тағы бір маңызды мәселе — экономикалық егемендіктің жоғалуы болды. ХВҚ мен Дүниежүзілік банктің талаптарын орындауға мәжбүр болған елдер өздерінің дербес даму стратегияларын әзірлеп, жүзеге асыра алмады. Бұл жағдай халықаралық көмекке тәуелділіктің артуына және халықаралық қаржы институттарына деген сенімнің төмендеуіне алып келді.⁴¹

1980–1990 жылдардағы неолибералдық реформалар мен құрылымдық қайта құру халықаралық даму тарихындағы бетбұрыс кезеңіне айналды. Бұл реформалар бірқатар елдерде экономикалық тұрақтануға және әлемдік экономикаға жылдам кірігуге ықпал етті. Алайда, олардың әлеуметтік және экологиялық шығындары бұл шаралардың ұзақ мерзімді тиімділігіне күмән тудырды.

⁴⁰ Ocampo, J. A. (2002). Rethinking the development agenda. *Cambridge Journal of Economics*, 26(3), 393-407.

⁴¹ Rodrik, D. (2006). Goodbye Washington consensus, hello Washington confusion? A review of the World Bank's economic growth in the 1990s: learning from a decade of reform. *Journal of Economic literature*, 44(4), 973-987.

Осы кезеңнің тәжірибесі көрсеткендей, әлеуметтік контексті және адам капиталын ескермей жүргізілген нарықтық реформалар орныға алмайды. Бұл түсінік дамудың жаңа тәсілдерін — адам дамуы тұжырымдамасы мен тұрақты даму қағидаттарын қалыптастыруға негіз болды. Бұл көзқарастар 1990-жылдары кеңінен мойындалған және қазіргі даму саясатының маңызды құрамдас бөліктеріне айналды.

3.2. ҰЕҰ рөлінің күшеюі

1980–2000 жылдар аралығындағы кезең тек дағдарыстар мен реформалармен ғана емес, сонымен қатар Дамуға ресми көмегіне (ДРК) деген көзқарастардың түбегейлі өзгеруімен ерекшеленді.⁴² Осы кезеңдегі негізгі үрдістердің бірі — үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) рөлінің күшеюі болды. Олар тек қолданыстағы жүйені сынап қана қоймай, сонымен қатар халықаралық көмектің балама тәсілдерін әзірлеу, жүзеге асыру және мониторинг жүргізу ісінде маңызды акторларға айналды.

ҰЕҰ-лар ДРК-ің гуманитарлық, әлеуметтік және экологиялық өлшемдерін алдыңғы қатарға шығарды. Олар жергілікті қоғамдастықтармен тығыз жұмыс істей отырып, қажеттіліктерге негізделген көмекті қамтамасыз етуге ұмтылды. Бұл ұйымдардың күшеюі ДРК жүйесінің төменнен жоғарыға қарай (bottom-up) бағытталған жаңа моделінің қалыптасуына жол ашты.⁴³

ДРК-ке қатысты қолданыстағы тәсілдерге сын

Үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) тарапынан Дамуға ресми көмегі (ДРК) жүйесіне бағытталған сынның негізгі себептерінің бірі — Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) мен Дүниежүзілік банк жүргізген неолибералдық реформалардың салдары болды. Нарықты либерализациялау, жекешелендіру және мемлекеттік сектордың қысқаруына бағытталған бұл реформалар елеулі

⁴² Hulme, D. (1997). *NGOs, states and donors: too close for comfort?* Palgrave Macmillan Ltd.

⁴³ Clark, J. (1991). *Democratizing development: The role of voluntary organizations* (p. 259pp).

әлеуметтік құнмен қатар жүрді. ҰЕҰ-лар осы реформалардың әсіресе осал халық топтарына тигізген нақты әсерін анықтап, құжаттап, жариялай бастады.⁴⁴

Біріншіден, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік бағдарламаларға бөлінетін мемлекеттік шығыстардың едәуір қысқаруы адам дамуының негізгі көрсеткіштерінің нашарлауына әкелді. Глобалдық Оңтүстік елдерінің көпшілігінде тұрмыс деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздықтың артуы және әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуі байқалды. Мысалы, кейбір Африка және Латын Америкасы елдерінде бастапқы медициналық қызметке қолжетімділік он жыл ішінде екі есеге дейін азайған.⁴⁵

Екіншіден, экономиканы либерализациялау және нарықтарды шетелдік өнімдерге ашу жергілікті салалардың күйреуіне алып келді, әсіресе ауыл шаруашылығында. Шағын фермерлер арзан импортпен бәсекеге түсе алмай, күнкөріс көзінен айырылды. Энергетика мен су жүйесі сияқты стратегиялық салалардағы жекешелендіру жиі жемқорлықпен қатар жүріп, тарифтердің күрт өсуіне себеп болды, бұл өз кезегінде әлеуметтік шиеленісті күшейтті.⁴⁶

Үшіншіден, неолибералдық реформалардың экологиялық салдары да ҰЕҰ-лардың назарынан тыс қалған жоқ. Шикізат экспортына негізделген саясат ормандардың жаппай кесілуіне, топырақ эрозиясына, су мен ауаның ластануына әкелді. ҰЕҰ бұл мәселелерді халықаралық алаңдарға шығарып, кез келген даму стратегиясында экологиялық тұрақтылықты ескерудің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, ҰЕҰ-лар реципиент елдердің егемендігінің әлсіреуіне назар аударды. Қарыз алудың қатаң шарттары ұлттық үкіметтердің өз бетінше даму стратегияларын жүргізуіне мүмкіндік бермей, сыртқы талаптарға тәуелді етті. Бұл үрдіс ұлттық саясаттың демократиялық заңдылығына нұқсан келтіреді деген алаңдаушылық туғызды. Аталған жағдай даму

⁴⁴ Chandhoke, N. (2003). *The conceits of civil society*. Oxford University Press// Stiglitz, J., & Pike, R. M. (2004). Globalization and its Discontents.

⁴⁵ Kaldor, M. (2003). Civil society and accountability. *Journal of human development*, 4(1), 5-27.

⁴⁶ Banks, N., & Hulme, D. (2012). The role of NGOs and civil society in development and poverty reduction. *Brooks World Poverty Institute Working Paper*, (171).

мәселелерімен айналысатын сарапшылар мен адам құқықтарын қорғаушылар арасында ұлттық өзін-өзі басқару қағидатына төнген қауіп ретінде бағаланды.⁴⁷

ҮЕҰ ықпалының артуы

Үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) ықпалы, олар тарапынан күшейе түскен сынмен қатар, халықаралық даму саясатының маңызды құрамдас бөлігіне айналды. ҮЕҰ тек халықаралық институттар мен үкіметтердің әрекеттерін бақылаушы («сторожевой пёс») ретінде ғана емес, сонымен қатар балама көмек арналарын ұсынушы құрылымдар ретінде де қызмет атқара бастады.

Бұл үдеріс жаһандану мен коммуникациялық технологиялардың дамуына тұспа-тұс келді. Бұл жағдай ҮЕҰ-ға елдер арасындағы үйлестіруді жеңілдетуге, трансұлттық желілер құруға және кең көлемді ақпараттық кампаниялар жүргізуге мүмкіндік берді. Жарқын мысалдардың бірі — Jubilee 2000 қозғалысы, ол 40-тан астам елдің ұйымдарын біріктіріп, ең кедей мемлекеттердің қарыздарын кешіруді талап етті. Бұл қозғалыс «Үлкен сегіздік» елдерінің көшбасшыларына қысым көрсетіп, нәтижесінде НІРС (Highly Indebted Poor Countries) — қарызы ауыр кедей елдердің қарызын жеңілдету бағдарламасының қабылдануына ықпал етті.

Глобалдық кампаниялардан бөлек, ҮЕҰ жергілікті деңгейде де белсенді жұмыс атқарды. Олар мемлекет атқара алмайтын немесе бас тартқан бірқатар міндеттерді өз мойнына алды: мектептер мен клиникалар салу, азық-түлік, санитарлық және білім беру қызметтерін қамтамасыз ету. Сонымен бірге, ҮЕҰ жергілікті қауымдастықтарда өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға атсалысып, халықты шешім қабылдау үдерістеріне қатысуға тартты.

ҮЕҰ-лардың ықпалы халықаралық ұйымдармен әріптестік арқылы да күшейе түсті. 1990-жылдары БҰҰ мен Дүниежүзілік банк аясында даму жобаларын әзірлеу және мониторингтеу ісіне азаматтық қоғамның қатысу алаңдары құрылды. БҰҰ-нің Даму

⁴⁷ Keck, M. E., & Sikkink, K. (1998). Transnational advocacy networks in international politics: Introduction. *Activists beyond borders: Advocacy networks in international politics*, 1-38.

бағдарламасы (ПРООН) мен ЮНИСЕФ сынды агенттіктер ҰЕҰ-ларды толыққанды серіктестер ретінде тарта бастады. Ал скандинавиялық елдер мен Канада секілді кейбір донорлар өздерінің ресми көмегінің елеулі бөлігін ҰЕҰ арқылы бағыттауға көшті.⁴⁸

Дамудың балама тұжырымдамаларын ілгерілету

Үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) халықаралық даму саласына қосқан маңызды үлестерінің бірі — инклюзивті және гуманистік даму тұжырымдамаларын алға тарту болды. Мәселен, адам дамуы тұжырымдамасы, 1990 жылы БҰҰ Даму бағдарламасы (ПРООН) ұсынған және көптеген ҰЕҰ тарапынан қолдау тапқан, прогресті тек ЖІӨ-нің өсуімен емес, денсаулық, білім, гендерлік теңдік және қоғамдық өмірге қатысу көрсеткіштері арқылы да өлшеуді ұсынды.⁴⁹

Тағы бір маңызды кезең — 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ конференциясында бекітілген тұрақты даму тұжырымдамасының қабылдануы болды. ҰЕҰ бұл идеяны белсенді қолдап, ДРК бағдарламаларын әзірлеу барысында экологиялық аспектілерді ескеру қажеттігін алға тартты.⁵⁰

Сондай-ақ, ҰЕҰ 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ конференциясында бекітілген тұрақты даму тұжырымдамасының қалыптасуына маңызды үлес қосты. Азаматтық қоғам ұйымдары дамудың экологиялық тұрғыдан теңгерімді, әлеуметтік әділетті және саяси тұрғыдан есеп беретін болуы қажет екенін алға тартты. Олар әділ сауда, әйелдердің құқықтары, климаттық әділеттілік және байырғы халықтардың қатысуы сияқты мәселелерді жаһандық деңгейде көтерді.

Олардың бастамасымен енгізілген тәсілдер, атап айтқанда, төменнен жоғарыға бағытталған даму, жергілікті деңгейдегі есептілік және қоғамдастыққа бағдарланған жұмыс әдістері, халықаралық көмектің жаңа парадигмасының ажырамас бөлігіне айналды.

⁴⁸ Banks, N., & Hulme, D. (2012). The role of NGOs and civil society in development and poverty reduction. *Brooks World Poverty Institute Working Paper*, (171).

⁴⁹ ПРООН. *Human Development Report 1990*.

⁵⁰ ООН. *Agenda 21* (1992).

ҮЕҮ балама донорлар ретінде

1990-жылдардың соңынан бастап үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҮ) тек серіктес ретінде емес, балама донорлар ретінде де қарастырыла бастады. Олардың бюджеттері ұлғайып, қызметі кәсібиленіп, ауқымы кеңейді. Мысалы, 2000 жылға қарай Oxfam ұйымының жылдық бюджеті 1 миллиард доллардан асты. Médecins Sans Frontières, BRAC (Бангладеш), CARE және World Vision сияқты ұйымдар ондаған елде гуманитарлық көмек пен әлеуметтік қызметтердің басты жеткізушілеріне айналды.

ҮЕҮ-лар төтенше жағдайлар кезіндегі көмек көрсету ісінде де маңызды рөл атқарды. Руанда (1994), Югославия (1999), Сьерра-Леоне және Судан сияқты елдердегі гуманитарлық дағдарыстар кезінде босқындар мен зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсетуде дәл осы ҮЕҮ-лар алдыңғы қатарда тұрды. Икемділігі, жылдам әрекет ету қабілеті және бюрократиялық құрылымдардан тәуелсіздігі олардың дағдарыс жағдайларында таптырмас құрал болғанын көрсетті.

Сонымен қатар, ҮЕҮ ДРК бағдарламаларын жүзеге асыру барысын бақылауға белсенді араласа бастады. Олар балама есептер (shadow reports) жариялап, донорлар, үкіметтер мен халық арасында ашық пікірталастар мен форумдар ұйымдастырды. Бұл жұмыс қосымша ашықтық деңгейін қамтамасыз етіп, коррупция мен ресурстарды тиімсіз пайдалану жағдайларына қарсы қоғамдық қысым жасаудың маңызды тетігіне айналды.⁵¹

1980–2000 жылдар аралығы ҮЕҮ рөлінің сапалық өзгерісіне куә болды. Бұрын шеткі және қосалқы құрылымдар ретінде қабылданған бұл ұйымдар жаһандық деңгейдегі ықпалды акторларға айналды. Олар тек дағдарыстарға әрекет етумен шектелмей, халықаралық күн тәртібін қалыптастыруда да белсенділік танытты.

⁵¹ Keck, M. E., & Sikkink, K. (1998). *Activists beyond Borders: Advocacy Networks in International Politics*. Cornell University Press. // Pogge, T. (2008). *World Poverty and Human Rights: Cosmopolitan Responsibilities and Reforms*. Polity Press. // United Nations Development Programme. (2002). *Human Development Report 2002: Deepening Democracy in a Fragmented World*. Oxford University Press. // United Nations General Assembly. (2007). *United Nations Declaration on the Rights of Indigenous Peoples*.

ҮЕҰ даму парадигмасының трансформациясына зор үлес қосты: тек технократиялық және экономикалық тәсілдерден — әлеуметтік бағдарланған, экологиялық жауапты және демократиялық есептілікке негізделген модельге көшуге ықпал етті. Олардың қызметі тұрақты даму тек азаматтық қоғамның белсенді қатысуы арқылы ғана мүмкін екенін дәлелдеді.

Кейінгі жылдары ҮЕҰ-дың ықпалы арта түсті. Олар жаһандық саясатты қалыптастыру мен бақылауда — климаттық келісімдерден бастап адам құқықтарына дейін — ажырамас рөл атқаратын құрылымдарға айналды. Бұл үрдіс, 1980–2000 жылдары қаланған негізде, ХХІ ғасырдың басындағы жаһандық азаматтық қоғамның бейнесін анықтады.

3.3. Жаңа донорлардың рөлінің артуы (Түркия – ТІКА, Бразилия – АВС және Оңтүстік Корея – КОІСА)

1980–2000 жылдар аралығы Дамуға ресми көмегін (ДРК) алушы елдердегі құрылымдық реформалармен қатар, донор елдер құрамының елеулі өзгеруімен де ерекшеленді. Егер бұған дейін халықаралық көмек архитектурасы негізінен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше елдердің ықпалында болса, ғасыр соңына қарай жаһандық Оңтүстіктің жаңа донорлары — Түркия, Бразилия және Оңтүстік Корея — айтарлықтай белсенділік таныта бастады.



Суретте: "Авиценна: Денсаулық сақтау" бағдарламасына Орталық Азиядан қатысушыларға KazAID және TIKA-дан сертификаттар тапсыру, 2025 жылғы 22 сәуір, Астана қ.

Аталған мемлекеттер өздерінің экономикалық трансформация жолынан өтті: олар әлсіз, постколониялық немесе соғыстан кейінгі елдерден тұрақты экономикалық даму жолына түскен, саяси амбициясы артып келе жатқан мемлекеттерге айналды. Бұл елдердің тарихи тәжірибесі, мәдени дипломатиясы, өңірлік белсенділігі және отарлық өткенінің болмауы — реципиент елдердің көз алдында оларды сенімді әрі тартымды серіктеске айналдырды. Осы елдердің халықаралық сахнаға шығуымен Ресми даму көмегі жүйесі біртіндеп көпполярлық сипат ала бастады.

ДРК саласындағы жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлер

XX ғасырдың ортасында қалыптасқан дәстүрлі Дамуға ресми көмегі (ДРК) жүйесі бастапқыда дамыған елдердің дамушы елдерге көмек көрсетуіне негізделген еді. Алайда ғасыр соңына қарай бұл модель көптеген сынға ұшырады. Батыс донорлары ұсынған бағдарламалар көбіне қатаң шарттармен — нарықтық реформалар жүргізу, әлеуметтік шығыстарды қысқарту сияқты

талаптармен — қатар жүрді. Мұндай тәсілдер реципиент елдер арасында наразылық туғызып, альтернативалы тәсіл ұсынуға қабілетті жаңа донорлардың пайда болуына түрткі болды.⁵²

Түркия, Бразилия және Оңтүстік Корея — осындай жаңа акторлардың жарқын мысалдары. Бұл мемлекеттер өздерінің экономикалық және әлеуметтік қиындықтарын еңсеріп, өз тәжірибесін жаһандық Оңтүстік елдеріне көмек көрсетуге пайдалана бастады. Олар тең серіктестікке негізделген және барынша инклюзивті халықаралық ынтымақтастықты қолдайтын ұстанымдарды ұсынды.⁵³

Түркия: мәдени және геосаяси дипломатия арқылы көмек көрсету

1970-жылдары өзі де халықаралық көмекті қабылдаушы ел болған Түркия 1990-жылдардың соңына қарай жаһандық Оңтүстіктегі жетекші донор елдердің біріне айналды. Оның халықаралық көмекті жүзеге асырудағы негізгі құралы — 1992 жылы құрылған Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (ТІКА) болды.⁵⁴

ТІКА-нің мақсаттары мен міндеттері

Алғашқы кезеңде ТІКА-нің жұмысы Орталық Азия елдеріне бағытталды, себебі Түркия бұл аймақпен тарихи және мәдени байланыстарды нығайтудың мүмкіндігі деп қарастырды. Алайда уақыт өте келе агенттіктің қызмет аясы Таяу Шығыс, Африка және Балқан елдеріне дейін кеңейді. Негізгі бағыттар төмендегідей болды:

- **Білім беру:** стипендиялық бағдарламалар құру, дамушы елдердің студенттеріне қолдау көрсету.
- **Денсаулық сақтау:** медициналық инфрақұрылымды дамыту, дәрі-дәрмек жеткізу.
- **Ауыл шаруашылығы:** фермерлерге көмек көрсету, өнімділікті арттыруға бағытталған технологияларды дамыту.

⁵² Mawdsley, D. E. (2012). *From recipients to donors: emerging powers and the changing development landscape*. Bloomsbury Publishing

⁵³ Cabral, Lidia, and Weinstock, Julia. «Brazil: An Emerging Aid Player.» *Overseas Development Institute*, 2010.

⁵⁴ Erdogan, Meltem. «Turkey as a New Humanitarian Actor: Challenges and Opportunities.» *Global Policy*, 2015 // TİKA. *Turkish Development Assistance Report*

- **Инфрақұрылымды қалпына келтіру:** жол, мектеп, аурухана және сумен жабдықтау жүйелерін салу.

Түркия тәсілінің ерекшеліктері

1. Түркия өзінің ДРК саясатын “**жұмсақ күш**” қағидатына негіздеді. Ол тарихи және діни байланыстары бар өңірлермен қатынастарды нығайту үшін мәдени дипломатияны белсенді қолданды.

2. Батыс донорларынан айырмашылығы — Түркия **саяси шарттар қоймай, көмек көрсеткен**. Бұл тәсіл реципиент елдер үшін тартымдырақ болды.

3. Сонымен қатар Түркия, әсіресе гуманитарлық дағдарыстар кезінде (мысалы, Сирия дағдарысы) **көшбасшы гуманитарлық донорлардың** біріне айналды.

Сәтті жобалардың мысалдары

- Ауғанстанда мектептер мен ауруханалар салу
- Балқан елдеріндегі мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтіру
- Африка елдерінде сумен жабдықтау жобаларын іске асыру⁵⁵

Бұл жобалар Түркияның басқа елдермен экономикалық және дипломатиялық байланыстарын нығайтып қана қоймай, оның халықаралық беделінің артуына да ықпал етті.⁵⁶

Бразилия: даму – тәжірибе алмасу арқылы

Түркия секілді, Бразилия да көмекті қабылдаушы елден жаһандық Оңтүстіктегі негізгі донорлардың біріне айналды. Оның халықаралық ынтымақтастық саласындағы басты құралы — 1987 жылы құрылған Бразилия ынтымақтастық агенттігі (ABC) болды.⁵⁷

⁵⁵ Erdogan, Meltem. «Turkey as a New Humanitarian Actor: Challenges and Opportunities.» *Global Policy*, 2015 // «Turkey’s Development Cooperation: General Characteristics and the Least Developed Countries Model.» *UNDP Turkey*, 2015.

⁵⁶ «Turkey’s Development Cooperation: General Characteristics and the Least Developed Countries Model.» *UNDP Turkey*, 2015 // TIKA. *Turkish Development Assistance Report*.

⁵⁷ Cabral, Lidia, and Weinstock, Julia. «Brazil: An Emerging Aid Player.» *Overseas Development Institute*, 2010 // Brazilian Cooperation Agency Annual Reports // Brazilian Cooperation Agency Annual Reports.

Бразилия өзінің Ресми даму көмегін Африка, Латын Америкасы және Кариб бассейні елдеріне бағыттап, кедейлікпен күрес, азық-түлік қауіпсіздігі және әлеуметтік теңсіздікпен күрестегі өз тәжірибесін бөлісуге баса назар аударды.

ABC қызметінің негізгі бағыттары:

- **Кедейлікпен күрес:** әлеуметтік қорғау және азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламалары.
- **Ауыл шаруашылығы:** су ресурстарын тиімді басқару сияқты Бразилияда қолданылатын технологиялар мен әдістерді тарату.
- **Денсаулық сақтау:** вакциналар мен дәрі-дәрмектерді өндіру, ВИЧ/СПИД-пен күрес бағдарламаларын қолдау.
- **Білім беру:** студенттер алмасуы, мамандардың біліктілігін арттыру.⁵⁸

Бразилия тәсілінің ерекшеліктері

1. **Тең құқықты ынтымақтастық:** Бразилия өз бағдарламаларын араласу емес, тең әріптестік негізіндегі тәжірибе алмасу ретінде ұсынды.

2. **Ішкі тәжірибені қолдану:** Көптеген бастамалар ел ішінде сәтті жүзеге асқан жобаларға, мысалы, Fome Zero («Аштыққа нөл төзім») секілді бағдарламаларға негізделді.

3. **Экологиялық тұрақтылық:** Бразилия жобаларында экологиялық тұрақтылық қағидасы бастамалардың ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етті.

Сәтті жобалардың мысалдары

- Мозамбиктегі азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламалары
- Боливия мен Парагвайда ауылшаруашылық технологияларын енгізу
- Африка елдерінде денге қызбасына қарсы вакциналарды өндіру және тарату

Бразилиялық тәсіл, ең алдымен, реципиент елдердің нақты қажеттіліктеріне бейімделгендігімен және ұзақмерзімді

⁵⁸ UNDP: State of South-South Cooperation Report

серіктестікке дайындықпен танылып, халықаралық қауымдастық тарапынан оң бағаланды.⁵⁹

Оңтүстік Корея: технологиялық даму арқылы көшбасшылық

Оңтүстік Корея — бірнеше онжылдық ішінде төмен табысты елдер қатарынан экономикалық жағынан дамыған мемлекеттер қатарына өткен санаулы елдердің бірі. Бұл трансформация елдің модернизация, білім беру және технологиялық инновациялар негізіндегі даму үлгісін қалыптастырды. Оңтүстік Кореяның бұл табысты тәжірибесі оны экономикалық даму саласындағы бірегей үлгіге айналдырды. Бүгінде Оңтүстік Корея дамымаған және дамушы елдермен өз тәжірибесімен белсенді түрде бөлісіп, бұл бағытта Korea International Cooperation Agency (KOICA) сияқты құралдарды пайдалана отырып, Ресми даму көмегін жүзеге асыруда.

KOICA рөлі

1991 жылы құрылған KOICA (Кореяның халықаралық ынтымақтастық агенттігі) Оңтүстік Кореяның халықаралық ынтымақтастық саласындағы негізгі құралына айналды. Агенттіктің басты миссиясы — әріптес елдерде тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуды қолдау.

KOICA қызметінің негізгі бағыттары:

- **Технологиялық даму:** Оңтүстік Корея IT, цифрландыру және өндірістерді жаңғырту салаларындағы білімдерімен бөліседі.
- **Білім беру:** кәсіби даярлау бағдарламалары, оқу орталықтарын құру және студенттер алмасу.
- **Денсаулық сақтау:** корейлік мамандар Африка мен Азия елдерінде денсаулық сақтау жүйелерін дамытуға жәрдемдеседі.
- **Экологиялық тұрақтылық:** жасыл технологияларды дамытуға және табиғи ресурстарды басқаруға бағытталған жобалар.

⁵⁹ Abdenur, Adriana Erthal, and Da Fonseca, Juliano. «The North's Growing Role in South-South Cooperation: Keeping the Foothold.» *Third World Quarterly*, 2013 // Cabral, Lídia, and Weinstock, Julia. "Brazil: An Emerging Aid Player." *Overseas Development Institute*, 2010 // Brazilian Cooperation Agency Annual Reports

Кореялық тәсілдің ерекшеліктері

Оңтүстік Корея технология мен білімді беруге басымдық беріп, ұзақмерзімді әріптестік қатынастарды орнату қажеттігін алға қояды. Оның бірегей ерекшелігі — жобаларды жергілікті жағдайларға бейімдеу, бұл өз кезегінде тұрақты және тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Табысты жобалардың бірі — KOICA Вьетнамда ұлттық цифрландыру бағдарламасын әзірлеуге көмектескен IT-инфрақұрылымды дамыту жобасы.

Түркия, Бразилия және Оңтүстік Корея тәсілдерінің ортақ ерекшеліктері

Бұл елдердің әрқайсысы өз бағдарламаларын әртүрлі өңірлерде және әртүрлі басымдықтармен іске асырғанымен, олардың тәсілдерінде келесі ортақ белгілер байқалады:

1. Қатаң талаптардан бас тарту: Көмек саяси немесе экономикалық шарттар қойылмай-ақ көрсетілді.

2. Тең құқықты ынтымақтастық: Бағдарламалар серіктестік қағидатына негізделіп құрылды, бұл реципиент елдердің сенімін арттырды.

3. Оңтүстіктің ынтымақтастығы: Негізгі назар жаһандық Оңтүстік елдері арасындағы тәжірибе алмасуға аударылды.

4. Практикалық бағыттылық: Үш мемлекет те жергілікті халықтың өмір сүру сапасын нақты жақсартуға бағытталған нақты жобаларға басымдық берді.⁶⁰

«Жаһандық Оңтүстік» елдерінің ықпалының артуы

Түркия, Бразилия және Оңтүстік Кореяның қызметі халықаралық даму көмегі жүйесінде Жаһандық Оңтүстік елдерінің рөлінің күшеюіне бағытталған кең ауқымды үрдісті көрсетеді. Бұл мемлекеттер дамыған елдер тарапынан үстемдікке негізделген дәстүрлі тәсілдерге балама ұсынды.⁶¹

Жаңа донорлардың ықпалының артуы халықаралық ынтымақтастық жүйесінің көпполярлы сипатқа ие болуына алып келді, мұнда Оңтүстік елдерінің дауысы барған сайын айқын естіле бастады. Бұл өз кезегінде ДРК тәсілдерін қайта қарау және

⁶⁰ Mawdsley, D. E. (2012). *From recipients to donors: emerging powers and the changing development landscape*. Bloomsbury Publishing // TIKА Annual Reports/ / ABC Reports.

⁶¹ UNDP: State of South-South Cooperation Report

дамыушы елдердің жаһандық жүйедегі орнын күшейту қажеттігі туралы жаңа диалогты жандандырды.⁶²

Түркия, Бразилия және Оңтүстік Корея Жаһандық Оңтүстік елдері арасындағы көшбасшылар ретінде танылып, даму саласындағы бірегей және тиімді тәсілдерді ұсынды. Олардың қызметі халықаралық ДРК жүйесіндегі күштер тепе-теңдігін өзгертіп, құрметке, серіктестікке және жергілікті ерекшеліктерді ескеруге негізделген жаңа тәсілдің маңыздылығын көрсетті.

Аталған елдер көмектің өзара сенімге және тұрақты дамуға негізделген жағдайда ғана тиімді болатынын дәлелдеді. Осылайша, жаңа халықаралық ынтымақтастық архитектурасының негізі қаланды, онда Жаһандық Оңтүстік елдері белсенді және мағыналы рөл атқарады.⁶³

V ТАРАУ: XXI ғасырдағы Ресми даму көмегінің жаңа бағдарлары мен сын-қатерлері

4.1. Мыңжылдықты дамыту мақсаттары және ТДМ

XXI ғасырда ресми халықаралық көмек жаңа жаһандық шындықтарға байланысты бірқатар сын-қатерлерге тап болды. Олардың қатарында әлем халқы санының өсуі, климаттың өзгеруі, қаржылық және экономикалық дағдарыстар, сондай-ақ дамушы елдердің ықпалының артуы бар. Бұл сын-қатерлерге жауап ретінде неғұрлым орнықты, жан-жақты әрі инклюзивті дамуға басымдық беретін жаңа тәсілдер қалыптасты.

Осы бағыттағы маңызды кезеңдердің бірі – 2000 жылғы 8 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының №A/RES/52/2 қарарымен қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық Декларациясы болды. Бұл декларацияны 189 мемлекет, соның ішінде 147 елдің мемлекет және үкімет басшылары қабылдап, даму құқығын әр адам үшін шынайы етуге және адамзатты

⁶² Abdenur, Adriana Erthal, and Da Fonseca, Juliano. «The North's Growing Role in South-South Cooperation: Keeping the Foothold.» *Third World Quarterly*, 2013.

⁶³ Cabral, Lidia, and Weinstock, Julia. «Brazil: An Emerging Aid Player.» *Overseas Development Institute*, 2010 // Mawdsley, D. E. (2012). *From recipients to donors: emerging powers and the changing development landscape*. Bloomsbury Publishing

мұқтаждықтан азат етуге міндеттеме алды (қарар A/RES/55/2).⁶⁴ Мемлекеттер прогресті кедейлікпен күреске бағытталған тұрақты экономикалық өсімге негізделген деп танып, адам құқықтарын негізгі назарға алатынын растады. Мыңжылдық Декларациясының мақсаты – кең ауқымды мәселелерді шешу үшін кешенді әрі үйлестірілген стратегияны қамтамасыз ету.

Декларацияда 2015 жылға дейін күніне 1 АҚШ долларынан аз қаражатпен өмір сүретін адамдар санының жартысына қысқаруы тиіс екені көрсетілген. Бұл күш-жігер сонымен қатар кедейлікпен күреске, денсаулық сақтау, білім беру, жыныстар теңдігіне, климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыруға, аштық пен аурулар мәселелерін шешуге, әйелдердің билік органдарындағы өкілдігін арттыруға, әрбір адамға бастауыш білім алуға кепілдік беруге және ХХІ ғасыр Күн тәртібінде қабылданған тұрақты даму қағидаттарын қолдауға бағытталған. Дамыған елдер дамушы елдерге гуманитарлық көмек, сауда преференциялары және инвестициялар салу арқылы қолдау көрсетуге тиіс.

Аталған Мыңжылдық декларациясында БҰҰ-ға мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздік; даму; қоршаған ортаны қорғау; адам құқықтары, демократия және басқару; осал топтарды қорғау; Африка мен басқа да дамушы елдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру салаларында Мыңжылдықты дамыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша міндеттемелерді өз мойнына алды.

БҰҰ Мыңжылдықты дамыту мақсаттары (МДМ) БҰҰ Бас Ассамблеясында 2000 жылғы қыркүйекте қабылданған Мыңжылдық

декларациясының сегіз негізгі тарауына негізделіп әзірленді және оларды іске асырудың есептік жылы ретінде 2015 жыл белгіленді.

Мыңжылдықты тұрақты дамыту бойынша сегіз мақсат:

1. Шектен тыс кедейлік пен аштықты жою;
2. Жалпыға бірдей бастауыш біліммен қамтамасыз ету;
3. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдердің құқықтарын кеңейту;

4. Балалар өлімін азайту;
5. Аналар денсаулығын жақсарту;
6. АИТВ/ЖИТС-пен, безгекпен және басқа да аурулармен күресу;
7. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
8. Дамуға арналған жаһандық әріптестікті қалыптастыру.

Мыңжылдықты дамыту мақсаттарына қол жеткізу нәтижелері туралы есеп 2015 жылғы 6 шілдеде БҰҰ Бас хатшысы Норвегияның Осло қаласында ұсынған баяндамасында көрсетілді. Бұл баяндама 2000 жылдан бастап МДМ-нің ғаламдық және өңірлік деңгейлерде іске асырылу барысына жан-жақты бағалау жүргізу негізінде дайындалған және ресми статистикалық деректерге сүйенген.

Баяндамада бүкіл әлем бойынша жұмсалған күш-жігердің арқасында барлық мақсаттар бойынша айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгені атап өтілген. Сонымен қатар, жетістіктердің біркелкі болмағаны және кейбір салаларда жеткіліксіз жұмыс атқарылғаны мойындалады. Бұл мәселелер 2015 жылдан кейінгі жаңа, жан-жақты және трансформациялық даму күн тәртібіне енгізілуі тиіс.

Алайда 2015 жылға қарай кейбір мақсаттарға қол жеткізілмегені белгілі болды. Табиғи ресурстарды тұрақты басқару және климаттың өзгеруіне төзімділік мәселелері жеткілікті дәрежеде пысықталмаған. Әсіресе Африкадағы көптеген дамушы елдер кедейлікпен күрес және денсаулықты жақсарту сияқты маңызды салаларда барлық мақсаттарға қол жеткізе алмады. Бірқатар дамушы елдер кейбір жетістіктерге қол жеткізгенімен, ішкі саяси-экономикалық жағдайлар мен жаһандық факторлар – экономикалық дағдарыстар немесе климаттың өзгеруі – прогреске елеулі әсер етті.

Тұрақты даму мақсаттары

2015 жылғы қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 70-сессиясында Мыңжылдық даму мақсаттарының (МДМ) мерзімі аяқталуына байланысты «Біздің әлемді өзгерту: 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуға арналған Күн тәртібі» атты жаңа жаһандық бағдарлама қабылданды. Аталған құжат 17 Тұрақты даму мақсатын (ТДМ) қамтиды және

әлеуметтік, экономикалық, сондай-ақ экологиялық мәселелерді кешенді шешуді көздейді.⁶⁵

БҰҰ тарапынан ұсынылған бұл жаңа мақсаттар ұзақ мерзімді, кең ауқымды әрі экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Олардың ерекшелігі – тек мемлекеттік құрылымдарға ғана емес, сондай-ақ жеке секторға, азаматтық қоғам институттарына және әрбір азаматқа да арналғандығында.

Тұрақты даму мақсаттары 2030 жылға дейінгі кезеңде ұлттық және халықаралық деңгейде даму стратегияларын әзірлеу мен іске асыруда негізгі бағдар ретінде қабылданды. Аталған мақсаттар даму ұғымын кеңейтіп, оның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық құрамдас бөліктерін біріктіреді. МДМ-мен салыстырғанда, ТДМ неғұрлым жан-жақты тәсілді талап етіп, 17 мақсат пен 169 нақты міндеттен тұрады.⁶⁶

Негізгі Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ):

1. Кедейліктің барлық түрін жою;
2. Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту;
3. Барлық жастағы адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету;
4. Инклюзивті, әділетті және сапалы біліммен қамтамасыз ету, өмір бойы білім алу мүмкіндігін кеңейту;
5. Гендерлік теңдікке қол жеткізу және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту;
6. Барша үшін таза су мен санитарияға қолжетімділікті қамтамасыз ету және тұрақты басқару жүйесін енгізу;
7. Қолжетімді, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне әмбебап қолжетімділікті қамтамасыз ету;
8. Инклюзивті және тұрақты экономикалық өсу, толық әрі өнімді жұмыспен қамту және лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

⁶⁵ Повестка дня в области устойчивого развития ООН. URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/about/development-agenda/>

⁶⁶ 17 Целей для преобразования нашего мира. Меры по борьбе с изменением климата. URL: <https://www.un.org/ru/climatechange/17-goals-to-transform-our-world>

9. Тұрақты инфрақұрылымды дамыту, инклюзивті индустрияландыруды ілгерілету және инновацияларды ынталандыру;

10. Елдер ішінде және елдер арасындағы теңсіздікті қысқарту;

11. Тұрақты, қауіпсіз және инклюзивті қалалар мен елді мекендерді қалыптастыру;

12. Жауапты тұтыну мен өндірісті қамтамасыз ету;

13. Климаттың өзгеруіне қарсы шұғыл шаралар қабылдау және оның салдарын азайту;

14. Мұхиттар мен теңіз ресурстарын сақтау және оларды ұтымды пайдалану;

15. Экожүйелер мен биологиялық әртүрлілікті сақтау, қалпына келтіру және шөлейттенуге қарсы күресу;

16. Бейбіт, әділетті және инклюзивті қоғамдарды қалыптастыру, тиімді институттарды дамыту;

17. Тұрақты дамуға қол жеткізу үшін жаһандық әріптестікті нығайту және іске асыру механизмдерін кеңейту.

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) тек кедейлікті жою мен тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етумен шектелмейді. Олар сондай-ақ планетаны қорғау, өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік инклюзияны қамтамасыз ету және климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы мен теңсіздік сияқты жаһандық мәселелермен күресуді көздейді. Бұл мақсаттарға жету үшін қысқа мерзімді экономикалық пайдадан гөрі ұзақ мерзімді тұрақтылыққа негізделген теңгерімді тәсіл қажет.

XXI ғасырда халықаралық көмектің алдында тұрған жаңа сын-тегеуріндер, ең алдымен, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты⁶⁷. Халық санының артуы, урбанизация, табиғи ресурстардың сарқылуы және климаттың өзгеруі табиғатқа теріс әсерді азайтатын әрі экологиялық өзгерістерге бейімделуге мүмкіндік беретін тұрақты шешімдерді әзірлеудің маңыздылығын алдыңғы орынға шығарды.

⁶⁷ Экологические вызовы и новые векторы устойчивого развития в современных условиях, Ищенко Н.С. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologicheskie-vyzovy-i-novye-vektory-ustoychivogo-razvitiya-v-sovremennyh-usloviyah>

Осыған байланысты, Дамуға ресми көмегі (ДРК) "жасыл" даму, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, тұрақты ауыл шаруашылығы және экожүйелерді қорғау салаларындағы жобаларды белсенді түрде қолдайды. Сонымен қатар, әлеуметтік дамуды қолдау – гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру сияқты бағыттар бойынша халықтың осал топтарының өмір сүру деңгейін арттыру – маңызды басымдықтардың бірі болып табылады.

2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің шолуын қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ мүше мемлекеттерге «ұлттық және аймақтық деңгейлерде елдердің өздері басшылық ететін тұрақты әрі жан-жақты прогресс шолуларын өткізуге» шақырады. Бұл ұлттық шолулар БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесі аясында өткізілетін Саяси форумның тұрақты шолулары үшін негіз ретінде қызмет етеді.

84-тармаққа сәйкес, 2030 жылға дейінгі күн тәртібі бойынша, жоғары деңгейдегі саяси форумның тұрақты шолулары ерікті түрде жүргізілуі тиіс, бұл шолулар дамыған және дамушы елдер тарапынан жүзеге асырылады. Ерікті ұлттық шолулар (ЕНШ) күн тәртібін іске асыруды жеделдету мақсатында тәжірибе алмасуға, соның ішінде жетістіктер, мәселелер мен алынған сабақтарды бөлісуге бағытталған. ЕНШ сонымен қатар үкіметтердің саясатын және институттарын нығайтуға, көпжақты қолдау мен серіктестіктерді тартуға бағытталған. Шолу – бұл елде Тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы жетістіктер мен туындаған қиындықтарды талдайтын құжат. Бұл процесс БҰҰ мүше мемлекеттері үшін 2030 күн тәртібін орындауды бақылау механизмінің бөлігі болып табылады. ЕНШ елдерге өздерінің ілгерілеуін бағалауға, тәжірибе мен үздік практикалармен бөлісуге, сондай-ақ мақсаттарды жүзеге асыруға кедергі келтіретін мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Есептер ерікті түрде дайындалады және әр елдің деректеріне және басымдықтарына негізделеді. Маңыздысы, ЕНШ дайындау барысында мемлекеттік органдар, жеке сектор, азаматтық қоғам және ғылыми қауымдастық сияқты әртүрлі мүдделі тараптар қатысады. Бұл процесті инклюзивті әрі ашық етеді, ал есептерді талқылау БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары бойынша жоғары

деңгейдегі саяси форумда жүргізіледі, бұл халықаралық тәжірибе алмасуға ықпал етеді. ЕНШ құрылымы бірнеше негізгі бөлімдерден тұрады, оның ішінде елдің контексті, ұлттық басымдықтар, 17 ТДМ бойынша ілгерілеу, негізгі қиындықтар мен сабақтар, сондай-ақ әрі қарай жақсарту үшін ұсыныстар бар. Бұл есептер елдерге тек өздерінің жетістіктерін көрсетуге ғана емес, сондай-ақ жауапкершілікті нығайтуға, ұлттық стратегияларды 2030 күн тәртібін тездетіп іске асыру үшін бейімдеуге көмектеседі.

Глобализацияның әсері, тұрақты даму саласындағы жаңа бағыттар мен өскелең экологиялық және әлеуметтік мәселелер әлемдік қауымдастықтан және халықаралық ұйымдардан халықаралық көмекке деген көзқарастарды қайта қарауды талап етті.⁶⁸

Осы контексте Париж декларациясы (2005) және Пусан форумында (2011) маңызды негіздер жаңартылды. Бұл жаңа бағыттар халықаралық көмек көрсету саласындағы парадигманың өзгеруінің маңызды элементтері болды.

4.2. Экологиялық және әлеуметтік мәселелер халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюі контекстінде

Қазіргі уақытта экологиялық және әлеуметтік даму мәселелері Еуропалық ДРК саясатының басты бағыты болып табылады. Осы саясатты жүзеге асыруда маңызды құралдардың бірі — Германияның Халықаралық ынтымақтастық қоғамы (The Deutsche Gesellschaft für Internationale Zusammenarbeit (GIZ) GmbH). GIZ-дің қызметі халықаралық көмек көрсету саласындағы жаңа кезеңнің негізгі элементіне айналды. Ұйым халықаралық жобаларды жүзеге асыру барысында тұрақты экономикалық өсу, әлеуметтік интеграция және экологиялық тұрақтылыққа ерекше назар аударады. GIZ-дің негізгі бағыттары дамушы елдерде реформаларды қолдау, тұрақты технологияларды енгізуге жәрдемдесу және жергілікті

⁶⁸ Устойчивое развитие и глобализация. URL: <https://fgp.msu.ru/assets/doc/departments/unesco/books/uch.posobie.-ustojchivoe-razvitiie-i-globalizacija.pdf>

институттарды нығайту болып табылады⁶⁹. Дәстүрлі халықаралық донорлардан айырмашылығы, GIZ жергілікті серіктестермен ынтымақтастыққа басымдық береді, бұл көмек көрсету процесін әр елдің нақты жағдайларына бейімдейді. Сонымен қатар, ұйым ТДМ іске асыруда белсенді рөл атқара отырып, ғаламдық экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды қолдайды. GIZ өз қызметінің алғашқы күндерінен бастап түрлі континенттерде серіктес елдерге әртүрлі көмек және ынтымақтастық формаларын ұсына отырып, маңызды рөл атқаруда⁷⁰.

Экологиялық мәселелер

Соңғы онжылдықтарда GIZ-дің жұмысындағы басты бағыттардың бірі экологиялық жобаларды іске асыру болып табылады. Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық даму саласындағы тұрақтылыққа ұмтылыс GIZ-ді қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласында өз қызметін кеңейтуге ықпал етті. Бұл бағыттағы жұмыстар келесідей негізгі бағыттарды қамтиды:

1. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту. GIZ дамушы елдермен бірге күн, жел және су энергиясы технологияларын енгізу жұмыстарын жүргізіп, қазба отындардан тәуелділікті төмендетуге үлес қосуда.

2. Су ресурстарын тиімді басқару. Су ресурстарын рационалды пайдалану, су жеткізу және су бұру жүйелерін құру жобалары жүзеге асырылып, бұл әсіресе су ресурстары шектеулі елдер үшін маңызды болып табылады.

3. Биологиялық әртүрлілік пен экожүйелерді қорғау: табиғи экожүйелерді сақтау, ормандардың жойылуына қарсы күресу және биологиялық алуан түрлілікті сақтау жөніндегі жобалар.

Әлеуметтік міндеттер

GIZ әлеуметтік әріптестік шеңберінде халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту, кедейлік пен теңсіздікті азайту бағытында

69 Green Industry Platform GIZ. URL: <https://www.greenindustryplatform.org/ru/organization/deutsche-gesellschaft-für-internationale-zusammenarbeit-giz-gmbh>

70 Климат, окружающая среда, управление природными ресурсами. URL: https://www.giz.de/en/ourservices/environment_and_climate_change.html

жұмыс істейді. Негізгі бағыттардың қатарында ауыл шаруашылығын, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын қолдау, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтардың дамуына жәрдемдесу бар. Маңызды аспектілердің бірі — гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдердің әлеуметтік-экономикалық өмірдегі рөлін арттыру.

4.3. Көмек тиімділігі жөніндегі Париж декларациясы және Пусан форумы

Көмек тиімділігі жөніндегі Париж декларациясы 2005 жылы Парижде сыртқы көмекті реформалау жөніндегі Дүниежүзілік форумда қабылданып, халықаралық көмекті қайта құрудағы маңызды кезеңге айналды. Бұл декларация донорлар мен көмек алушы елдер үшін жаңа бағыт-бағдар белгілеп, күш-жігерді үйлестіру, ашықтық пен нәтижелердің өлшенуін жақсартуға бағытталған.

Париж декларациясының негізгі қағидаттары:

1. **Көмек алушы елдердің иелік етуі.** Көмек алушы елдер өз даму стратегияларын өздері қалыптастырып, бақылауы тиіс, яғни сыртқы донорлардың нұсқауына емес, ұлттық мүддеге сүйенуі қажет.

2. **Донорлар арасындағы үйлестіру.** Донорлар көрсетілетін көмектің қайталануын және қайшылықтарын болдырмау үшін өзара әрекеттестікті күшейтуге міндеттенеді.

3. **Нәтижелілік.** Көмек көрсету барысында қаржылық көлеммен емес, нақты әсермен өлшенетін нәтижелілік басты назарда болуы тиіс.

4. **Ашықтық.** Барлық қатысушылар қаржылық ағындар, жұмсалған қаражат және мақсаттарға қол жеткізу тұрғысынан ашық болуға тиіс.

5. **Көмек алушы елдердің әлеуетін нығайту.** Ұзақ мерзімді перспективада институционалдық және адами ресурстарды нығайту маңызды, бұл елдерге әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды өз бетінше еңсеруге мүмкіндік береді.

Халықаралық көмекті жетілдірудегі маңызды қадамдардың бірі – 2011 жылы Пусанда өткен Форум болды⁷¹. Бұл форум халықаралық көмек тәсілдерін дамытуда маңызды кезеңге айналып, көмекті үйлестіруді, келісімділікті және тиімділікті арттыруға бағытталған жаңа ынтымақтастық кезеңінің басталуына себеп болды. Форум халықаралық көмекті тиімді етуге бағытталған күш-жігердің жалғасы ретінде қабылданып, жаһандық күн тәртібіндегі келесі маңызды өзгерістерді айқындады:

1. Барлық тараптардың инклюзивті қатысуы. Париж декларациясынан айырмашылығы, Пусан форумы халықаралық ынтымақтастық стратегияларын әзірлеу мен іске асыру процесіне жеке секторды, азаматтық қоғамды және жергілікті ұйымдарды тартуға ерекше назар аударды.

2. Оңтүстік-Оңтүстік ынтымақтастығы. Форум жаһандық Оңтүстік елдерінің ынтымақтастық шеңберінде тәжірибе мен білім алмасуына мүмкіндік бар және ол қажет екенін атап өтті. Бұл өз кезегінде дамушы елдердің нақты жағдайларына сәйкес келетін модельдерді әзірлеуге ықпал етеді.

3. Көпжақтылық және ұзақ мерзімділік. Пусан форумы ынтымақтастықтағы көпжақты тәсілдердің маңыздылығын және ұзақ мерзімді жұмыста тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажеттілігін ерекше атап көрсетті.

⁷¹ Четвертый форум на высшем уровне по вопросам развития. URL: https://world.kbs.co.kr/service/contents_view.htm?lang=r&menu_cate=business&id=&board_seq=143552&page=49&board_code=akorea_economyPlus

V БӨЛІМ: Жаңа донор ретіндегі Қазақстан

5.1. Қазақстанның Дамуға ресми көмегі (ДРК) жүйесі

Көптеген мемлекеттер үшін Дамуға ресми көмегі (ДРК) жай қайырымдылық шарасы емес, өз шекаралары айналасында қауіпсіз әрі тұрақты ортаны қалыптастырудан бастап, «жұмсақ күш» құралдарын ілгерілетуге дейінгі бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін көпқырлы тетік болып қарасырылады.

Экономикалық жағдайдың жақсаруы және халықаралық аренадағы беделінің артуы негізінде Қазақстан біртіндеп донор-мемлекетке айналууда. 2013 жылы «Қазақстан Республикасының Ресми даму көмегі саласындағы тұжырымдамасы» қабылданды. Ал 2014 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Ресми даму көмегі туралы» Заңы бекітіліп, осы саладағы құқықтық негіз қаланды.

Аталған Заңның мақсаты — Қазақстан Республикасы ынтымақтастық орнатқан мемлекеттерге ресми көмек көрсетуге байланысты құқықтық қатынастарды реттеу. Онда негізгі ұғымдар, мақсаттар, міндеттер мен қағидаттар айқындалып, салалық басымдықтар бекітілген және көмекті іске асыру тәртібі белгіленген. Бұл заң Қазақстанның сыртқы саяси мүдделеріне сәйкес көмек көрсетуді жүйелеуге мүмкіндік берді.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, Ресми даму көмегі — Қазақстан Республикасы тарапынан дамушы елдерге қайтарымсыз немесе жеңілдікпен көрсетілетін көмек⁷². Оның мақсаты — реципиент-мемлекеттерде орнықты экономикалық, әлеуметтік және институционалдық дамуды қолдау және ынталандыру. Бұл көмек инфрақұрылымды, білім беру, денсаулық сақтау жүйелерін дамытуға және мемлекеттік басқаруды нығайтуға бағытталған ұзақ мерзімді өзгерістерді көздейді. Қазақстан қаржы бөлу кезінде стратегиялық басымдықтарды ескере отырып, прагматикалық ұстанымды басшылыққа алады. Мұндай шешімдерді негізінен сыртқы саясат саласындағы дипломаттар мен сарапшылар қабылдайды.

⁷² Закон Республики Казахстан «Об официальной помощи развитию» от 10 декабря 2014 года № 263-V ЗРК

Ресми даму көмегін үйлестіру функциясын уәкілетті орган ретінде Сыртқы істер министрлігі атқарады. Ал жобаларды іске асыруды Үкімет белгілеген операторлар жүзеге асырады.

Тәуелсіздік жылдар ішінде Қазақстан ДРК алушы елден — басқа мемлекеттерге көмек көрсететін донор елге айналды. Дүниежүзілік банктің жіктемесіне сәйкес, 2006 жылы Қазақстан ортадан жоғары табысы бар елдер қатарына енді және шетелдік көмектің көп бөлігін алуды тоқтатты. Содан бері Қазақстан әлеуетті донорлар санатына өтті. Бұл елдің басқа мемлекеттерге экономикалық қолдау көрсету үлесінің артуымен қатар жүрді.

Қазақстандық ДРК-ің келесі негізгі бағыттарын атап өткен жөн:

1. Аймақтық мәселелерді шешу: Саудадағы кедергілерді жою, су ресурстарын ұтымды пайдалану, ауыл шаруашылығын дамыту сынды өңірлік сипаттағы мәселелерді шешу.

2. Ұлттық мүдделерді ілгерілету: Қазақстандық технологияларды, сараптаманы және өнімдерді көршілес елдер нарығына шығару арқылы ұлттық брендті ілгерілету, үздік отандық тәжірибені насихаттау.

3. Өңірлік даму: Тұрақты даму жобаларына инвестиция тарту арқылы Орталық Азия аймағының тартымдылығын арттыру.

4. Халықаралық беделді нығайту: Қазақстанның халықаралық аренадағы ықпалын күшейту.

5. Өңірлік интеграция және қауіпсіздік: ДРК өңірдегі жанжалдар мен тұрақсыздық қаупін төмендетіп, Орталық Азия елдерінің өзара ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етеді. Бұл – қазіргі геосаяси жағдайды ескергенде ерекше маңызды.

Қазақстанның Ресми даму көмегі жүйесі — елдің сыртқы саясатының маңызды құрамдас бөлігі. Ол халықаралық қатынастар мен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ серіктес елдерде тұрақты дамуға қолдау көрсетуге бағытталған. Бұл жүйенің тиімділігін арттыруда үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) және жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл маңызды рөл атқарады.

Қазақстан ДРК халықаралық жүйесіне белсенді қатысып, қаржылық қолдау, техникалық көмек және сарапшылық ресурстар түрінде жәрдем көрсетіп келеді.

ДРК басқару мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде KazAID агенттігі түрлі форматтағы көмекті үйлестірумен айналысады. Бұл жүйе екіжақты да, көпжақты да ынтымақтастықты қамти отырып, тұрақты дамудың ұзақ мерзімді мақсаттарын ескереді.

5.2. «KazAID» Қазақстанның халықаралық даму агенттігі: мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасы Орталық Азия елдеріне және оның шекарасынан тыс аймақтарға ұзақ жылдар бойы көмек көрсетіп келеді. Соңғы деректерге сәйкес, 1996 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта Қазақстан шамамен 600 млн АҚШ долларын гуманитарлық және техникалық көмек түрінде бөлген (бұл 1996–2020 жылдардағы ЖІӨ-нің 0,024%-ын құрайды)⁷³.

KazAID агенттігі құрылмай тұрып, Қазақстандағы Дамуға ресми көмегімен (ДРК) тек Сыртқы істер министрлігі айналысқан болатын. Осы кезеңде БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) және басқа донор ұйымдармен бірлесе отырып бірқатар пилоттық жобалар жүзеге асырылды:

1. 2014–2017 жылдары БҰҰ Даму бағдарламасымен бірлесіп «Қазақстанда ұлттық ДРК жүйесін құру мақсатында сараптамалық қолдау көрсету» жобасы іске асырылды.

2. 2017 жылы БҰҰДБ және Израильдің MASHAV халықаралық даму агенттігімен бірлесе отырып, Астана мен Алматы қалаларында Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан мамандарына арналған ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-практикалық семинар ұйымдастырылды.

3. 2017–2018 жылдары мемлекеттік басқару және денсаулық сақтау салалары бойынша ауған әйелдеріне арналған екі семинар өткізілді. Сонымен қатар, Қазақстанның Ауғанстанмен Ресми даму көмегі саласындағы ынтымақтастығына жәрдемдесу жөніндегі жоба іске асырылды. Бұл жоба БҰҰДБ және Жапония Сыртқы істер министрлігімен бірлесе әзірленді.

⁷³ Данные Комитета по статистике МНЭ РК по гуманитарной и официальной помощи развитию

4. 2018 жылы Назарбаев Университетінде шетелдік студенттерді оқыту жобасы жүзеге асырылды. Бұл аясында Орталық Азия елдері мен Ауғанстан азаматтарына 2018–2022 оқу жылдарына арналған білім гранттары ұсынылды.

5. 2020 жылы БҰҰДБ және БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасымен (UNODC) бірлесіп, Тәжікстанның түзеу мекемелерін күзет құрал-жабдықтарымен жабдықтау жобасы іске асырылды.

Ресми даму көмегін жүйелендіру, оны Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтарына сәйкестендіру, көмек көрсету қызметін үйлестіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлемдік аренадағы рөлін және беделін нығайту мақсатында «KazAID» Қазақстанның халықаралық даму жөніндегі агенттігі құрылды. Бұл ұйым коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

KazAID агенттігі — Сыртқы істер министрлігіне қарасты құрылым, ол техникалық көмек шараларын ұйымдастыру, ДРК саласындағы статистиканы жүргізу, мемлекеттік органдардан жобалық ұсыныстар жинау арқылы жұмыс істейді және Қазақстанның ДРК саясатын жалпы үйлестіру үшін жауапты.

Агенттіктің миссиясы – нәтижеге бағытталған техникалық көмек көрсету арқылы серіктес елдерде тұрақты даму мен инклюзивті өсуді қолдау. Сонымен қатар, KazAID ұлттық брендті ілгерілетіп, халықаралық бастамаларды іске асыру үшін қолайлы орта қалыптастырады, іскерлік имиджді нығайтады және серіктес елдердің қажеттіліктеріне сүйене отырып кеңес беру қызметтерін ұсынады.

Қазақстан Республикасының Дамуға ресми көмегі (ДРК) саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары 2021–2025 жылдарға арналған және олар Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 19 шілдедегі №625 Жарлығына сәйкес бекітілген. Сонымен бірге, Ресми даму көмегі туралы заң негізінде Қазақстанның көмегі шеңберінде өзекті салалық және географиялық басымдықтарды анықтайды.

Қазақстан ДРК-ің географиялық басымдықтарын айқындау барысында жаһандық даму сын-тегеуріндері, ұлттық әлеует пен қолда бар ресурстар ескерілді.

Атап айтқанда, 2021–2025 жылдарға арналған географиялық басымдықтарды таңдау кезінде келесі критерийлер негізге алынды:

- Қазақстан мен серіктес ел арасындағы екіжақты байланыстар мен даму саласындағы қарым-қатынастар;
- Серіктес елдің даму саласындағы ынтымақтастыққа деген қажеттілік деңгейі (әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі);
- Серіктес елдің көмек қабылдауға дайындығы;
- Даму саласындағы өзге донор елдермен еңбек бөлінісін ескеру.

ДРК-нің географиялық басымдықтарын таңдау аймақтық жағдайға, жаһандық даму күн тәртібіне және донор елдің мүмкіндіктеріне байланысты жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған критерийлерді және Орталық Азия аймағындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер, діни экстремизм қауіптері, ұлтаралық қақтығыстар мен ұйымдасқан қылмыс сияқты сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстанның Ресми даму көмегінің географиялық бағыты Орталық Азия елдері мен Ауғанстанға шоғырланған.

Қазақстан Республикасының даму саласындағы жаһандық күш-жігердің бір бөлігі ретінде синергетикалық әсерге барынша қол жеткізу үшін, Қазақстанның Дамуға ресми көмегі (ДРК) Оңтүстік Кавказға, Африкаға, Латын Америкасына, шағын аралдық дамушы мемлекеттерге, ең аз дамыған елдерге, теңізге шыға алмайтын мемлекеттерге және басқа да өңірлерге бағытталуы мүмкін.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының ДРК саласындағы мемлекеттік саясаты сыртқы саяси тұжырымдаманың негізгі ережелерімен, экономикалық даму мен ұлттық қауіпсіздік басымдықтарымен, сондай-ақ халықаралық деңгейде келісілген міндеттемелер мен қағидаттармен, ең алдымен, БҰҰ Бас Ассамблеясы 2015 жылғы қыркүйекте қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ) үйлестіріледі.

KazAID басқа да донор агенттіктерімен серіктестік байланыстарды кеңейту бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, KazAID келесі шет мемлекеттердің даму

агенттіктерімен өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды: USAID, AECID, TICA, JICA, KOICA, AIDA, CPVA, RoAID, MASHAV⁷⁴. Сондай-ақ, Германияның халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қоғамымен (GIZ), Швецияның даму мақсатындағы ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік агенттігімен (SIDA) ынтымақтастық қарқынды дамып келеді, басқа да бірқатар донор ұйымдарымен байланыстар кеңейтілуде.

Агенттік сондай-ақ бірқатар беделді қазақстандық және өңірлік ұйымдармен әріптестік қарым-қатынас орнатты. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясымен (АГУ), Азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығымен (АРГО), Аралды құтқару халықаралық қорымен (МФСА), Өзбекстанның жалпыұлттық «Юксалиш» қозғалысымен ДРК саласында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Осы келісімдер аясында Агенттік қабілеттілікті арттыруға бағытталған іс-шараларға, бірлескен бастамалар мен жобаларға үнемі қатысады. БҰҰ агенттіктерімен, ЭЫДҰ-нің даму ынтымақтастығы директорымен және ДРК саласында жұмыс істейтін басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатылған. Сондай-ақ Қазақстан мен өңірлік маңызы бар бірқатар ұйымдармен әріптестік байланыстар орнатылды.

5.3. Орталық Азия елдері бойынша ДРК шолу

Орталық Азия елдері (ОА) тәуелсіздік алғаннан бері халықаралық донорлар аймақтағы қатысуын кеңейтіп, ДРК ұсыну арқылы аймақтың экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық секторларына маңызды үлес қосты⁷⁵. Алайда көмек көлемі әр елде әр түрлі бөлінеді.

⁷⁴ Astana Times: «KazAID: Новая дипломатическая сила Казахстана в области развития». URL: <https://astanatimes.com/2024/02/kazaid-kazakhstans-new-diplomatic-powerhouse-for-development/>

⁷⁵ Наоки Нихей, «Международная помощь странам Центральной Азии». URL: <https://www.povertist.com/development-assistance-to-central-asia/>

ОА аймағы стратегиялық маңызы бар аймақ ретінде ДРК алушы ретінде маңызды рөлін сақтап келеді, және бұл көмек әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған. Соңғы жылдары Қазақстанның ДРК алушы ғана емес, әлеуетті донор ретінде де үлесінің өсуі байқалады. Бұл оның аймақтық ынтымақтастықты нығайту және ДРК басқару жүйелерін жетілдіру бойынша белсенді жұмыстарының нәтижесі болып табылады.



Суретте: Орталық Азия елдерінен "Достық: Дипломатия" бағдарламасының қатысушылары, 2025 жылғы 27-28 мамыр, Астана қ.

ЭЫДҰ мәліметтеріне сәйкес, ОА аймағына бөлінген жалпы ДРК көлемі тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ), инфрақұрылымды жақсартуға, сондай-ақ білім беру мен денсаулық сақтауды дамытуға бағытталған едәуір қаражатты камтиды. Осы процестің аясында Қырғызстан мен Тәжікстан әсіресе гранттар мен техникалық көмек түрінде көмек алушылардың қатарында болып отыр. Бұл елдер институционалдық дамуға қажеттіліктің жоғары деңгейін

көрсетеді, ол өз кезегінде сыртқы көмекті олардың тұрақты өсуі үшін қажет етеді ⁷⁶.

